



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Алдағы жексенбі күні елімізде жаңа бірпалаталы Құрылтайдың алғашқы сайлауы өтеді. Бұл — ұлт тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға.

Еліміз соңғы жылдары ауқымды реформаларды жүзеге асырып, жарқын болашаққа батыл қадам басып келеді. Біз бірлік пен келісімнің және ынтымақтың арқасында Әділетті Қазақстанды құру ісінде зор жетістікке жеттік. Халық Конституциясы күшіне енді, еліміздің даму бағдары өзгерді. Дегенмен атқаратын жұмыс әлі де көп.

Бұл сайлау халқымыздың игілігіне қызмет ететін тың реформаларға бастау болып, қазіргі Қазақстан жылнамасындағы жаңа кезеңге жол ашады.

Мен партиялардың барлығы дайындық жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізуі үшін Құрылтай сайлауы өтетін уақытты ертерек хабарладым.

Сондықтан Құрылтайдың алғашқы сайлау науқаны мазмұнды, ашық, бәсекеге толы әрі өркениетті сипатта өтті. Ел азаматтарының сайлау туралы пікірі осындай болды.

Бұл сайлау ел тарихындағы ең тартысты науқандардың бірі ретінде есте қалатыны анық. Партиялар сайлаушылармен кездесу кезінде, сондай-ақ ақпараттағы үгіт-насихат, жалпыұлттық теледебаттар, әлеуметтік желідегі пікірталастар барысында өз бағдарламаларын кеңінен әрі дәйекті түрде таныстырды.

Бір сөзбен, азаматтарымыз партиялардың ел болашағына қатысты ұстанымын мұқият зерделеуге мүмкіндік алды. Саяси ұйымдардың экономикадан бастап мәдениет саласына дейін қамтыған бастамаларын бағалап-бағамдады.



Сайлауалды науқан еліміздегі қоғамдық күн тәртібі өзгергенін, жасампаздық пен өркендеу идеясы мемлекет саясатының арқауына айналғанын айқын көрсетті. Жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды ұсыныстар айтыла бастады. Бұл — түбегейлі саяси жаңғырумен қатар, ұлтымыздың қайта жанданған пассионарлық қуатын танытатын маңызды нышан.

Қоғамдық пікірталасқа жастарымыз, кәсіби қауымдастық өкілдері мен кәсіпкерлер де белсенді қатысты. Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға зор ризашылығымды білдіремін.

Жалпы, халқымыздың саяси мәдениеті артып, жұртымыз мемлекеттік басқару ісіне атсалыса бастады. Бұл біз бір ел болып жүргізген реформалардың тікелей нәтижесі екені сөзсіз.

Азаматтарымыз қастерлі Отанымыздың тағдырына шынайы жанашырлық танытып, еліміздің келешегіне жауапты екенін терең сезінуге тиіс. Сонда ғана Қазақстан одан әрі қарыштап дамиды.

Сайлау науқаны отандық және халықаралық байқаушылардың жіті назарында болды. Олар дауыс беру күні де учаскелерде болады.

Біз «Заң мен Тәртіп» қағидаты үстемдік құратын, халық үніне құлақ асатын, саяси және қоғамдық институттары тиімді жұмыс істейтін мемлекет құрып жатырмыз.

Жалпыхалықтық дауыс берудің қорытындысы бойынша Құрылтайға кәсіби мамандар мен отаншыл азаматтар сайланады деп кәміл сенемін.

Құрылтай әралуан көзқарас пен ұлт келешегі жолындағы ұмтылыстар тоғы-

сатын біртұтас алаң болуға тиіс. Осылайша, Құрылтай ел жаңғыруына тың серпін беретін құрылымға айналмақ.

Біз геосаяси шиеленіс ширығып, жаһандық сын-қатерлер күшейе түскен кезеңде бет алған бағытымыздан таймай, тек алға қарай жүруіміз қажет. Қазақстанды әлемдегі нағыз озық мемлекеттердің қатарына қосу үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек, яғни ұлттық стратегиямызды табысты жүзеге асыруымыз қажет.

Адамдар көп жағдайда қабылданған маңызды шешімдердің шынайы құндылығын жылдар өткен соң ғана түсінеді. Алдағы жексенбі ел тағдыры үшін дәл осындай бетбұрысты сәт болады.

Біз Қазақстан тарихындағы жаңа кезеңге қадам басамыз. Осындай тағдыршешті сәтте әр адамның дауысы маңызды екені сөзсіз.

Құрметті отандастар, еліміздің келешегі әр азаматтың саналы тандауына байланысты болмақ. Сайлауға қатысу дегеніміз — халықтың өз ықтиярын білдіру, ел тағдырына бей-жай қарамай, азаматтық жауапкершілік таныту, ел игілігі үшін өнегелі іс жасау деген сөз. Дүние жүзінде миллиондаған адам өз сайлау құқы үшін күресуде.

Қазақта «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген мақал бар. Азаматтарды, әсіресе жастарды сайлауға келіп, өз тандауын жасауға, яғни Қазақстанның табысты дамуына үлес қосуға шақырамын.

Халқымыздың дауысы қастерлі Отанымыздың тұғырын бекемдеуге, нағыз озық ел болуымызға тікелей ықпал етері анық.

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

Отанымыз — Қазақстан Республикасы жасасын!

БАЙҚОҢЫРДЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ



Байқоңыр десе, ең алдымен адамзаттың ғарышқа алғаш ұшуы, тұңғыш жасанды жер серігінің орбитаға шығарылуы еске түседі. Ғарыш тарихындағы осындай айтулы оқиғалар бұл кешеннің әлемдік маңызын айқындап берді. Алайда соңғы жиырма жылда ғарыш индустриясы түбегейлі өзгерді. Коммерциялық ғарыш қызметтері дамып, жерсеріктерді ұшыруға сұраныс артты. Жаңа технологиялар пайда болып, көптеген мемлекет өз ғарыш инфрақұрылымын қалыптастырды.

→ 12



ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПА, ТӘУЕКЕЛ МЕ?

БЖЗҚ активтері ел экономикасы үшін ұзақмерзімді инвестициялық ресурс саналады. Сондықтан жинақтардың едәуір бөлігінің бір сектордан екіншісіне ауысуы қаржы нарығындағы активтердің қайта бөлінуіне алып келеді. Сарапшының пікірінше, бұл жерде қордың қазіргі тұрақтылығынан бұрын, бүкіл жүйедегі тепе-теңдікке назар аудару керек.

→ 4

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ШЕБЕРЛЕРДІ ШЫҢДАЙТЫН СТУДИЯ

Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінде жаңғыртылған «Арт-зертхана» музейлік көркемсурет студиясы таныстырылды. Мұнда жыл сайын 3 мыңға жуық бала мен ересек шығармашылықпен айналыса алады.

Іс-шараға Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова, еліміздің мәдениет және өнер қайраткерлері, шеберлер мен музейлік көркемсурет студиясының шәкірттері қатысты.

«Арт-зертхана» — музей педагогикасы аясында 2007 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан Ұлттық өнер музейінің шығармашылық-білім беру жобасы. Оның басты мақсаты — балалардың, жасөспірімдердің, жастар мен ересектердің бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттырып, шығармашылық әлеуетін ашу.

Кәсіби суретші-педагогтардың жетекшілігімен академиялық сурет, кескіндеме, композиция, графика, сәндік-қолданбалы өнер және шығармашылық ізденістің түрлі бағыты бойынша сабақтар өткізіледі. Жоба жүзеге асырылған уақыттан бері студияда 10 мыңнан астам бала мен жасөспірім білім алды.

Сонымен қатар студия ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған шығармашылық бағдарламаларды жүйелі түрде жүзеге асырып, инклюзивті музейлік



білім беру қағидаттарын дамытуға үлес қосып келеді.

Жаңғыртылған жобаның таныстырылымында Аида Балаева өнерді дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету, жастарды шығармашылыққа баулу және олардың қабілетін ашуға қолайлы жағдай жасау мәдениет саясатының маңызды басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы мәдениет саласына айрықша көңіл бөліп келеді. Саланы қолдауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың арқасында бүгінде нақты нәтижелерге қол жеткіздік. 2025 жылы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі мен Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейіне, ал 2026 жылы Ұлттық музейге «Ұлттық» мәртебесі берілді. Сонымен қатар Президенттің тапсырмасы бойынша былтыр «Самұрық-Қазына» қоры Қастеев музейінде ауқымды жөндеу жұмыс-

тарын жүргізді. «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағының тағайындалуы да маңызды шешімнің бірі болды. Бұл — отандық бейнелеу өнерінің қоғамдағы орнына берілген жоғары баға әрі өз ісіне адалдықпен қызмет етіп келе жатқан суретшілердің көпжылдық еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мәдениет саласының барша өкілдерінің және жеке өзіннің атымнан Мемлекет басшысына салаға көрсетіп келе жатқан тұрақты қолдау үшін шынайы ризашылығымды білдіремін», — деді Премьер-министрдің орынбасары.

«Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен жүзеге асырылған жоба аясында музейдің шығармашылық кеңістігі жаңғыртылды. Аумағы 110 шаршы метрден асатын зертхана кескіндеме, графика және сәндік-қолданбалы өнер сабақтарын өткізуге арналған заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз

етілді. Сонымен қатар студияда шығармашылық жұмыстарды таныстыруға арналған, заманауи фотоаппаратурамен жабдықталған арнайы фотокеңістік құрылды. Бұл шәкірттерге өз туындыларын кәсіби деңгейде таныстырып, шығармашылық жетістіктерін цифрлық кеңістікте кеңінен көрсетуге мүмкіндік береді. Мұнда 5 пен 17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған шеберлік сабақтары, шығармашылық практикумдар және табиғат аясындағы сурет салу сабақтары өткізіледі.

«Арт-зертхана» жас дарындар бас қосатын шығармашылық ортаға айналып, олардың дамуына және тың ізденістеріне жаңа мүмкіндіктер береді деп сенемін. «Самұрық-Қазына» үшін мәдениетті қолдау — ұлттық мұрамызды сақтауға және заманауи мәдени ортаны дамытуға қосылған үлес», — деді Нұрлан Жақыпов.

Студия шығармашылық қабілеті жоғары балалар мен жастарды қолдауға, олардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауына ерекше көңіл бөледі. Дарынды шәкірттерді жоғары және орта арнаулы көркемөнер оқу орындарына түсуге даярлап, шығармашылық әлеуетінің дамуына және болашақ суретші ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Іс-шара аясында қонақтарға музейдің цифрлық порталы да таныстырылды. Жаңғыртылған порталдың қолданысы барынша ыңғайлы әрі инклюзивті бола түсті. Енді келушілер музей коллекциясы мен көрмелерін онлайн тамашалай алады. Ал 3D-тур кез келген жерден музей кеңістігіне виртуалды саяхат жасап, экспозициялармен танысуға мүмкіндік береді.

М.ТӨЛЕУ

ГАЗДАНДЫРУ КӨРСЕТКІШІ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Кейінгі жылдары Сыр өңірін газдандыру жұмыстары қызу қарқын алды. Соның нәтижесінде бұған дейін көмір мен отынға тәуелді болған елді мекендер біртіндеп табиғи газға қосылып, тұрғындардың тұрмысы жеңілдей бастады. Дегенмен аймақтағы шалғай ауылдардың ахуалы атқарылар жұмыстардың әлі де ауқымды екенін аңғартады.

А Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Ресми мәліметке сүйенсек, қазір өңір халқының 83 пайызы көгілдір отынға қол жеткізіп үлгерді. Ең алдымен, табиғи газдың келуі тұрғындарды көмір жағу машақатынан босатты. Ендігі кезекте өңірді газдандыру межесін 85 пайызға жеткізу міндеті тұр.

Бір қарағанда 83 пайыздық көрсеткіш көңілге медеу боларлық. Дей тұрғанмен мәселені екінші қырынан алып қарасақ, облыстағы 222 елді мекеннің әзірге 57-сі ғана газдандырылып тұр. Жалпы, Қызылорда облысын газдандыру еліміздің 2030 жылдарға арналған бас схемасы мен өңір елді мекендерін газдандырудың егжей-тегжейлі жоспарына сәйкес жүргізілуде. Бүгінде об-



лыстағы 4 қала мен 57 елді мекен табиғи газға қосылған. Жоғарыда айтып өткен 83 пайыздық нәтиженің негізгі көрсеткіші — осы.

— 2026 жылы 14 жобаға 4,7 млрд теңге бөлініп, жыл соңына дейін тағы 9 елді мекенді табиғи газға қосу жоспарланған. Сонымен қатар республикалық бюджеттен қаржыландыруға жаңа жобалар ұсынылуда. Алдағы жылдары Жанақорған ауданындағы 6 елді мекенді QazaqGaz Аймақ инвестициялық бағдарламасы аясында газдандыру көзделген. Бұл бағыттағы жұмыстар кезеңімен жүзеге асырылады, — дейді Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы Ислам Бектұрғанов.

Бұл көрсеткіштің өзі кейінгі жылдардағы жұмыстың ауқымын аңғартады. Нәтижесінде, аймақтағы көптеген елді мекен тұрғындары табиғи газ тұтыну мүмкін-

дігіне ие болды. Басқарманың дерегіне сәйкес, 2026 жылы газдандыру бойынша іске асыру жоспарланған 14 жобаның екеуі — өтпелі, 12-сі жаңа жоба саналады. Соның бірі — жыл басынан бері Сырдария ауданындағы Ақжарма ауылы табиғи газдың игілігін көре бастады. Игілікті іске бюджеттен 1,8 млрд теңгеден астам қаржы бағытталған. Бұл — ауыл халқы үшін де, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту тұрғысынан да маңызды кадам десек, қателеспейміз.

Басқарма тарапынан жыл соңына дейін тағы тоғыз елді мекенді газдандыру жоспарланып отырғанын айтып өттік. Оның ішінде Арал ауданындағы Қамыстыбас, Қазалы ауданындағы Бекарыстан би, Жанқожа батыр, Түктібаев, Майдакөл, Қармақшы ауданындағы Төребай би мен Иіркөл, Сырдария ауданындағы Қоғалыкөл мен Шіркейлі ауылдары табиғи газға қосылмақ. Осы

жұмыстар талапқа сай жүргізілсе, халықты газбен қамту деңгейі 85 пайызға дейін көтеріледі деген жоспар бар.

Жалпы газдандырудың алғашқы кезеңінде ірі елді мекендер мен аудан орталықтарына басымдық берілуі заңдылық. Себебі мұнда халық саны көп, яғни бір жоба арқылы мыңдаған тұрғынды қамтуға болады. Келесі кезекте шалғайдағы шағын елді мекендерді газға қосу міндеті тұр. Сондықтан газдандырудың кезекті этапында осы бағытты қамту көзделіп отыр. Әсіресе Арал, Қазалы, Қармақшы секілді аумағы кең, елді мекендері бір-бірінен шалғай аудандар үшін бұл мәселенің маңызы зор.

Негізінен, жоспар кезең-кезеңімен белгіленген. Атап айтқанда, 2026-2027 жылдары Қожақент, 2027-2028 жылдары Ақжол, Ақсуат және Өзгент, ал 2029-2030 жылдары Әбдіғаппар мен Жанақорған ауылдарын газдандыру көзделіп отыр. Қазір Қожақентте көгілдір отынға қосу жұмыстары басталған. Егер бұл жоспар толық орындалса, бір ғана Жанақорған ауданындағы бірнеше ауылдың инженерлік инфрақұрылымы жаңа деңгейге көтеріледі деген сөз.

Тағы бір айта кететін жайт, Қызылорда облысында газдандыруды одан әрі кеңейту бағытында 2035 жылға дейінгі жаңа жоспар әзірленіп жатыр екен. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, бұл құжатқа 107 елді мекенді көгілдір отынға қосу жөніндегі ұсыныс енгізілген. Бұл ұзақмерзімді межеде газдандырылатын елді мекендер саны 166-ға жуықтамақ.

Алайда бұл көрсеткіштің өзі облыстағы барлық ауылды қамтымайды. Мамандардың айтуынша, қалған 56 елді мекеннің басым

бөлігі шалғай орналасқан немесе халық тығыздығы төмен аумақтарға жатады. Сондықтан оларды газдандыру екінші кезеңге қалдырылып отыр. Бұл ауылдар бойынша ұсыныстар болғанымен, әзірге нақты қаржыландыру тетігі айқындалмаған.

«Қазір Энергетика министрлігімен Жол картасы әзірленіп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2035 жылға дейін республика бойынша газдандыру деңгейін 80 пайызға жеткізу міндеті қойылды. Осыған байланысты облыс тарапынан Жол картасына нақты ұсыныстар беріліп отыр. Онда 2035 жылға дейін 107 елді мекенді газға қосу мәселесі қамтылған. Осы орайда облыс аумағындағы қалған 56 елді мекен шалғай орналасқан немесе тұрғындар аз шоғырланған аумақ саналады. Мұндай ауылдарды екінші кезең бойынша газдандыру көзделуде. Бұл бағытта да ұсыныс берілді. Бірақ әзірге нақты жоспар жоқ. Өйткені бәрі қаржыландыру тетіктеріне қарай реттеледі. Тағы бір айта кететін мәселе, егер өңірде АГРС (автоматты газ реттеу станциясы) көптеп салынса, газдандыру жұмыстарының да ауқымы кеңейеді. Яғни АГРС төңірегіндегі елді мекендерді газдандыруға мүмкіндік артады. Қазіргі уақытта Тартоғайда, Қазалы ауданындағы Ақсуатта және Жанақорған ауданындағы Бесарықта АГРС жұмыс істеп тұр», — дейді бұл жайында бөлім басшысы Ислам Аймұрзаұлы.

Қорыта айтқанда, Қызылорда облысының газдандыру картасын алдағы жылдары елеулі өзгерістер күтіп тұр. Сондықтан 2035 жылға дейінгі меже тек газға қосылатын елді мекендердің санымен шектелмей, шалғайдағы тұрғындардың да көгілдір отынға қол жеткізу мүмкіндігімен өлшенуге тиіс.

БАҒДАР

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

АБАЙДАҒЫ
АУҚЫМДЫ ІС

Шымкент қаласының Абай ауданында 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте Абай ауданының әкімі Шәкір Сұлтанхан ауданның даму көрсеткіштері мен атқарылған жұмыстарды таныстырды. Аудан басшысы айтқан мәліметке қарағанда, негізгі басымдық халыққа қолайлы орта қалыптастыруға, инженерлік инфрақұрылымды жетілдіруге, көшелерді абаттандыруға және қоғамдық кеңістіктерді көбейтуге берілген.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Абай ауданы — Шымкенттегі халық саны ең көп аумақтың бірі. Бүгінде мұнда 27 елді мекенде 269,2 мың тұрғын тұрады. Аудан аумағында 55 мыңнан астам жеке тұрғын үй мен 350 көпқабатты үй бар. Тұрғындардың негізгі инженерлік қажеттіліктерін қамтамасыз ету бағытында да он көрсеткіштер қалыптасқан. Атап айтқанда, аудан ауызумен, электр энергиясымен және табиғи газбен 100 пайыз қамтылған.

Ауданда инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары тоқтаған жоқ. Қазір Жиделі, Акжайық және Нұршуақ шағынаудандарындағы жаңа құрылыс аумақтарын табиғи газ жүйесіне қосуға қатысты жобалау жұмыстары жүргізілуде. Бұл — қала аумағының кенеюіне байланысты ерекше маңызға ие бағыт. Жаңа тұрғын алаптарының инженерлік желілермен қамтамасыз етілуі халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартып қана қоймай, елді мекендердің жоспарлы әрі жүйелі дамуына мүмкіндік береді.

Газдандырудың 100 пайыздық көрсеткішке жетуі ауданның әлеуметтік инфрақұрылымындағы маңызды нәтижелердің бірі болса, жаңа құрылыс аумақтарына газ желісін жеткізу осы жұмыстың сабақтастығын көрсетеді. Алдағы кезеңде жобалау жұмыстарының сапалы жүргізіліп, қажетті инфрақұрылымның кезең-кезеңімен іске қосылуы тұрғындар үшін маңызды.

Тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруда жол инфрақұрылымының орны ерекше.

Аудан бойынша жалпы 1 274 көше болса, оның 1 207-сі асфальтталған. Бұл көшелердің 95,4 пайызы асфальтпен қамтылғанын көрсетеді. Биыл қалған көшелерді асфальттау бағытындағы жұмыстар да қолға алынған. Қазір 19 көшеде тиісті жұмыстар басталды. Бұл — жол сапасын жақсарту арқылы тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасауға бағытталған нақты кадам.

Сонымен қатар аудан көшелерінің жарықтандырылуы 100 пайызға жеткізілді. Ендігі міндет — қолданыстағы жарықтандыру инфрақұрылымының сапасын арттыру. Осыған байланысты жарықтандыру бағаналарын жаңартуды қажет ететін 13 көшеде жұмыстар жүргізіліп, оларды жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Абай ауданындағы биылғы жұмыстардың тағы бір маңызды бағыты — қоғамдық кеңістіктерді дамыту және аулаларды абаттандыру.

Биыл аудан аумағында 15 әмбебап алаңша, 2 ашық спорт алаңшасы және 5 гүлзар салынды. Сонымен бірге 35 көшеге жалпы ұзындығы 44,5 шақырым болатын аяқжол төселіп, бұл жұмыстар толық аяқталды. Жаяу жүргіншілерге арналған инфрақұрылымның дамуы — тұрғындардың қауіпсіздігі мен күнделікті жайлылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор. Әсіресе халық тығыз орналасқан аудандарда сапалы аяқжолдардың болуы қоғамдық ортаның қолайлылығына тікелей әсер етеді.

Көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыруға да ерекше көңіл бөлінген. Ақ-

жайық шағынауданындағы 18 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы жарықтандырылса, Асар шағынауданындағы 30 көпқабатты үйдің қасбетіне архитектуралық жарықтандыру орнатылды. Мұндай жұмыстар ауданның түнгі келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың қауіпсіздігіне де он әсер етеді.

Ауданның әлеуметтік ортасын жақсартуда тұрғындардың өз ұсыныстары негізінде жүзеге асырылатын «Халық қатысатын бюджет» жобасының да маңызы зор. Жоба аясында бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 9 ойын алаңы мен 2 гүлзардың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған нысандарды қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Абай ауданындағы жүйелі жұмыстардың ішінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасы да айрықша орын алады. Өйткені ауданның көркейіп, таза әрі жайлы болуы тек инфрақұрылымдық жобаларға емес, тұрғындардың қоғамдық мәдениеті мен ортақ жауапкершілігіне де байланысты. Жыл басынан бері аудан аумағында 31 сенбілік ұйымдастырылып, оған шамамен 50 мың адам қатысты. Сенбіліктерге тұрғындармен қатар кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметшілер, еріктілер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері атсалысты.

«Таза Қазақстан» идеясының түпкі мәні де осында. Таза көше, жинақы аула, абаттандырылған қоғамдық орын ең алдымен тұрғындардың өзіне қолайлы орта қалыптастырады. Сондықтан тазалықты сақтау тек коммуналдық қызметтердің емес, қоғамның ортақ міндетіне айналуы қажет. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрғын үйлерді алдағы жылу маусымына дайындау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 162 көпқабатты тұрғын үйдің 99-ында сығымдау жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстардың уақытылы атқарылуы — қысқы кезеңге дайындық сапасын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі.

Жалпы, Абай ауданындағы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы инфрақұрылымды жаңғырту мен абаттандыру жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырғанын көрсетеді. Алдағы кезеңдегі негізгі міндеттер — жаңа құрылыс аумақтарын инженерлік желілермен қамтамасыз ету, қалған көшелерді асфальттау, жарықтандыру жүйелерін жаңарту, абаттандыру жобаларын толық аяқтау және «Таза Қазақстан» бастамасы аясындағы жұмыстардың тұрақтылығын сақтау.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Дауыс беруге арналған бюллетень сайлаушыларға сайлаушылар тізімдерінің негізінде сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша беріледі.

Сайлаушы тізімге бюллетеньді алғандығы туралы қолын қояды, ал комиссияның бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді алған сайлаушының тізімдегі тегінің тұсына қол қояды.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Оны толтыру кезінде дауыс берушіден басқа адамның кіруіне тыйым салынады.

Сайлаушы саяси партиялардың атаулары бар сайлау бюллетенінде өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға немесе «Бәріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды. Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да болсын түзету енгізуге жол берілмейді.

Дауыс беру күні толтырылған бюллетеньнің фото- және (немесе) бейнетүсірілімін жүзеге асыруға және оны дауыс беру күні таратуға тыйым салынады.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

НАРЫҚ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қазақстандықтар зейнетақы жинағын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында қалдыра алады, зейнетақы аннуитетін сатып ала алады немесе осы екі тәсілді қатар пайдалана алады. Сарапшылардың сөзінше, заңнамада қарастырылған бұл қаржы құралы өмір бойы тұрақты төлем алуға мүмкіндік бергенімен, оның қатерлері мен құқықтық салдарын да ескеру қажет.

деген сұраныс. БЖЗҚ-дағы төлем мөлшері жинақ көлемі мен инвестициялық кіріске байланысты болса, аннуитет шартта көрсетілген талаптарға сәйкес тұрақты өмірлік төлем ұсынады.

Үшінші фактор — халықтың қаржылық сауаттылығының артуы. Азаматтар зейнетақыны қордағы ақша ретінде ғана емес, өмір

жоғары жеткіліктілік шегін айналып өтіп, жинақтың артық бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге пайдалану тәсілі ретінде белсенді ұсынып жүр. Әлеуметтік желілерде де мұндай жарнамалар көбейген.

Алайда сарапшы аннуитеттің соңғы айларда ғана жаппай талқылана бастағанына назар ауда-

55 жастан, әйелдер 53 жастан, ал міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген азаматтар 50 жастан бастап ала алады.

Жинағы жеткілікті азамат кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитетін ертерек рәсімдей алады. Мұндай мүмкіндік жалпы тәртіппен 45 жастан, міндетті кәсіптік жарналары бар адамдар үшін 40 жастан беріледі. Бірақ шарт ерте жасалғанымен, төлем бірден басталмайды.

«Кейінге қалдырылған аннуитетті 45 жастан рәсімдеуге болады. Алайда төлемдер ерлерге 55 жастан, әйелдерге 53 жастан, ал міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген азаматтарға 50 жастан бастап ғана жүргізіледі», — деп түсіндірді сарапшы.

ӨМІР БОЙҒЫ ТӨЛЕМНІҢ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Аннуитет жарнамасындағы «өмір бойғы төлем» түсінігі тартымды естілгенімен, азамат оның нақты мөлшеріне назар аударуы керек. Мысалы, сақтандыру компаниясына 10 млн теңге аударған адамның бастапқы айлық төлемі шамамен 35 мың теңгені құрауы мүмкін. Бұл сома жыл сайын 8 пайызға индекстеледі. Бірақ бастапқы төлем аз болғандықтан, оның алғашқы жылдардағы өсімі де айтарлықтай болмайды.

«Иә, төлемдер өмір бойына белгіленеді, бірақ олардың мөлшері өте аз. 10 млн теңге аударылған жағдайда ай сайынғы төлем шамамен 35 мың теңгені құрайды. Оның жыл сайынғы өсімі 3 мың теңгеден де аз болады. Мұндай қаражатпен өмір сүру мүмкін емес», — дейді қаржыгер.

Демек, аннуитетті зейнет жасындағы жалғыз табыс көзі ретінде қарастыру қауіпті. Оның тиімділігі адамның басқа зейнетақы төлемдері мен қосымша кіріс көздерінің бар-жоғына тікелей байланысты.

Айгерім Илиясова аннуитет сатып алудағы ең маңызды талаптың бірі — қабылданған шешімнің қайтарылмайтынын түсіну екенін атап өтті. Сақтандыру компаниясына аударылған қаражатты кейін БЖЗҚ-ға қайтару мүмкін емес. Екі жылдан кейін басқа сақтандыру компаниясымен жана шарт жасауға болады, бірақ бұл жинақты қайтадан БЖЗҚ жүйесіне өткізуді білдірмейді. Сондықтан азамат есептеуді тек сақтандыру агентінен емес, БЖЗҚ менеджерінен де алып, екі нұсқаны салыстыруы қажет.

«Егер адамның жинағы 10 млн теңге ғана болса, болашақта ол мемлекеттік базалық зейнетақы мен сақтандыру компаниясынан шамамен 35 мың теңге алуы мүмкін. Ал жинағы көбірек болып, 55 жастан кейін жұмысын жалғастырса, зейнетке шыққанда бірнеше төлем көзін қатар пайдалана алады», — дейді Айгерім Илиясова.

Мұндай жағдайда азамат мемлекеттік базалық және ынтымақты зейнетақыны, кейінгі жарналары есебінен БЖЗҚ төлемін және аннуитет бойынша төлемді қатар алуы ықтимал. Сондықтан барлығына жарайтын әмбебап шешім жоқ. Таңдау жинақ көлеміне, жасқа, денсаулық жағдайына, жұмыс істеу жоспарына және болашақ кіріс көздеріне сүйеніп жасалуға тиіс.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПА, ТӘУЕКЕЛ МЕ?

А Кәмила ДҮЙСЕН

2026 жылдың алғашқы алты айында БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымдарына 292,8 млрд теңге аударылған. Экономист Бауыржан Ысқаков бұл көрсеткіш үрдістің ауқымы аз емес екенін көрсетінін айтады. Дегенмен қаражаттың сақтандыру секторына ауысуын БЖЗҚ тұрақтылығына тікелей төнген қауіп ретінде бағалау дұрыс емес.

«Егер азаматтар қаражаттың БЖЗҚ-дан сақтандыру секторына жаппай аудару бастаса, ұзақмерзімді перспективада бұл зейнетақы жүйесінің архитектурасына әсер етуі мүмкін», — дейді ол.

БЖЗҚ активтері ел экономикасы үшін ұзақмерзімді инвестициялық ресурс саналады. Сондықтан жинақтардың едәуір бөлігінің бір сектордан екіншісіне ауысуы қаржы нарығындағы активтердің қайта бөлінуіне алып келеді. Сарапшының пікірінше, бұл жерде қордың қазіргі тұрақтылығынан бұрын, бүкіл жүйедегі тепе-теңдікке назар аудару керек.

«Мұны БЖЗҚ тұрақтылығына тікелей қауіп деп бағалау дұрыс емес. Негізгі мәселе — жүйеде дұрыс теңгерімнің сақталуы және азаматтардың таңдауын экономикалық тұрғыдан саналы жасауы», — деп сөзін жалғады экономист.

ӨМІР БОЙҒЫ ТӨЛЕМГЕ КІМ КЕПІЛДІК БЕРЕДІ?

Зейнетақы аннуитетін сатып алған азамат ақшасын депозитке салмайды. Ол сақтандыру компаниясымен ұзақмерзімді шарт жасайды. Жинақ сақтандыру компаниясына берілгеннен кейін компания шарт талаптарына сәйкес азаматқа өмір бойы төлем жасау міндеттемесін қабылдайды.

Сақтандыру нарығында төлемдерге кепілдік беру жүйесі жұмыс істейді, ал компаниялардың қызметі мемлекет тарапынан реттеліп, қадағаланады. Заңнамада сақтандыру ұйымы таратылған жағдайда төлемдерді жүзеге асыруға кепілдік беретін тетіктер де қарастырылған. Алайда бұл азаматтардың барлық төуекелін мемлекет шексіз өтейді дегенді білдірмейді.

«Азаматтар өмір бойғы төлемге мемлекет толық әрі шексіз кепілдік береді деп түсінбеуі керек», — дейді Бауыржан Ысқаков.

Сондықтан аннуитет рәсімдемес бұрын сақтандыру компаниясының қаржылық тұрақтылығын, шарт талаптарын, кепілдік кезеңін, төлемдерді индексстеу тәртібін және басқа да міндеттемелерін мұқият зерделеу қажет.

Мұрагерлік мәселесі де шешім қабылдауда маңыз-

ды рөл атқарады. БЖЗҚ-дағы жинақ заңда белгіленген тәртіппен мұрагерлерге берілуі мүмкін. Ал зейнетақы аннуитеті сатып алынған кезде аударылған қаражатқа меншік құқығы сақтандыру компаниясына өтеді. Одан кейінгі төлемдер мен мұрагерлердің құқықтары жасалған шарттың талаптарына байланысты болады.

«Адам тек «ай сайын қанша ақша аламын?» деген сұраққа емес, «қайтыс болған жағдайда жинағымның тағдыры қандай болады?» деген сұраққа да жауап іздеуі керек», — деген пікірін айтты экономист.

АЗАМАТТАРДЫҢ АННУИТЕТКЕ АУЫСУЫНА НЕ СЕБЕП?

Сарапшы азаматтардың мұндай шешім қабылдауына әсер ететін негізгі себептердің бірі ретінде ұзақ өмір сүру тәуекелін атады. БЖЗҚ-дан берілетін төлем жинақ көлеміне байланысты болғандықтан, кейбір азаматтар қаражатының болашақта таусылып қалуынан қауіптенеді. Аннуитеттің басты ерекшелігі — сақтандыру компаниясына аударылған жинақ есептік тұрғыдан аяқталған күннің өзінде, шарт бойынша төлем адамның өмірінің соңына дейін жалғасады.

«Азаматтардың арасында «жинағым таусылып қалса, не болады?» деген аландаушылық бар. Аннуитеттің басты артықшылығы — жинақ белгілі бір уақытта аяқталған күннің өзінде, шарт бойынша төлем өмір бойы жалғасады», — деп түсіндіреді маман.

Екінші себеп — тұрақты әрі алдын ала болжанатын табысқа

БЖЗҚ активтері ел экономикасы үшін ұзақмерзімді инвестициялық ресурс саналады. Сондықтан жинақтардың едәуір бөлігінің бір сектордан екіншісіне ауысуы қаржы нарығындағы активтердің қайта бөлінуіне алып келеді. Сарапшының пікірінше, бұл жерде қордың қазіргі тұрақтылығынан бұрын, бүкіл жүйедегі тепе-теңдікке назар аудару керек.

бойғы қаржылық жоспардың бір бөлігі ретінде қарастыра бастаған.

Дегенмен сарапшы зейнетақы аннуитетін барлық адамға бірдей тиімді немесе тиімсіз шешім деп бағалауға болмайтынын ескертеді.

«Бұл — адамның жасына, жинақ көлеміне, денсаулығына, отбасы жағдайына және болашақта тұрақты табысқа деген қажеттілігіне байланысты қабылданатын жеке қаржылық шешім. Ең бастысы, азаматқа таңдау құқығын беріп қана қоймай, сол таңдаудың барлық салдарын түсіндіру керек. Өйткені зейнетақы жинағы — адамның ондаған жыл бойы қалыптастырған капиталы», — деп түйіндеді сөзін Бауыржан Ысқаков.

Зейнетақы аннуитетін таңдау кезінде оның жалпы артықшылықтары мен тәуекелдерінен бөлек, нақты талаптары мен төлем мөлшерін де есептеу қажет. Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер, экономика ғылымдарының кандидаты Айгерім Илиясованың айтуынша, бұл өнімге сұраныстың артуына 2026 жылғы маусымда зейнетақы жинақтарының жеткіліктілік шектерінің айтарлықтай көтерілуі әсер еткен.

Қазір өмірді сақтандыру компаниялары зейнетақы аннуитетін

рады. БЖЗҚ мәліметінше, 2024 және 2025 жылдары жыл сайын шамамен 60 мың салымшы жинағын сақтандыру ұйымдарына аударған. Бұл барлық жеке зейнетақы шоттарының 0,5 пайызынан да аз.

«Бұрын зейнетақы аннуитеті аса танымал болған жоқ. Ал 2026 жылдың маусымы мен шілдесінде өмірді сақтандыру компаниялары бұрын-соңды болмаған клиенттер ағынын тіркеді. Оның тартымдылығы неде деген сұраққа бірімді жауап жоқ, өйткені зейнетақы аннуитеті барлық адамға және барлық жағдайда бірдей қолайлы емес», — дейді Айгерім Илиясова.

АННУИТЕТТІ КІМДЕР РӘСІМДЕЙ АЛАДЫ?

Зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін адамның БЖЗҚ-дағы жинағы белгіленген мөлшерден кем болмауы керек. Сарапшы ұсынған есеп бойынша, бұл шек ерлер үшін шамамен 10 млн теңге, әйелдер үшін 13,2 млн теңге. Ал жұмыс беруші кемінде бес жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударған зиянды өндіріс қызметкерлері үшін шамамен 7,8 млн теңге қажет.

Бірден төлем жасалатын аннуитетті рәсімдеуде жасқа байланысты талап та бар. Ерлер төлемді

ЗЕРДЕ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Азия мен Африка елдерінде зауыттардағы жұмысшы, ет дүкендеріндегі қасапшы, қонақүйлердегі персонал, тіпті үй шаруасындағы әйел қосымша табыс қайнарын тапты. Олар енді техноалпауыттарға, жасанды интеллект пен роботты техниканы әзірлеушілерге қызмет етеді. Бұл үшін адамнан маңдайына Gopro сияқты экшн-камераны немесе қарапайым смартфонды бекітіп, жұмысын – қолының әрбір қимылын цифрлық форматта түсіру ғана талап етіледі. Жаңа заманның жаңа кәсібінің мәнісі неде? Адамзатқа пайдасы мен зияны қандай?

А Айхан ШӘРІП

ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЛҒАН
ЖАЛЫҚПАС...

Бір қарағанда, мұнысы ХХІ ғасырдың ең оғаш кәсібінедей көрінеді. Үйбике маңдайына смартфон байлап, көкөніс турайд, тамақ пісіреді. Қасапшы қан-жынын шашыратып, мал сойып, ет мүшелеп жатқанын бейнетаспаға жазады. Қонақүй клинері асықпай төсек жинайды. Зауыт жұмысшылары камера алдында таңнан кешке дейінгі күнделікті күрделі жұмысын атқарады. Бірақ мұны олар кейінгі ұрпаққа естелікке қалу үшін істемейді. Немесе ғаламторға салмайды: мысалы, аққан қан бейнеленген видеоны онлайн-платформалар бұғаттап тастар еді. Ал ұзаққа, бірнеше сағатқа созылатын күйкі тірлік көрінісінің ғаламтор қараушыларды қызықтыруы неғайбыл.

Бұл бейнежазбалардың түпкі мақсаты басқа: олар жасанды интеллект жүйелеріне, ең бастысы, адам тәрізді роботтарға арналған «үйрету материалына» айналады. Яғни адам өз еңбегін цифрға көшіріп, сол арқылы болашақтағы өзінің орнын басатын машинаны оқытып жатыр. Мұндай жаңа тұрпатты ұстаздық – жақсы табыс көзі ме, әлде еңбек нарығына қатысушылардың өзіне-өзі қазған ор ма?

Кейінгі жылдары Үндістан мен Қытайда басталып, өзге өңірлерге тараған жаңа кәсіп түрінің мәні қарапайым: адам күнделікті жұмысын өзі бейнетаспаға түсіреді. Оның қасына жеке оператор еріп жүрмейді. Соның нәтижесінде жиналған материалдар технология тілінде «эгоцентрилік деректер» деп аталады. Камера адамның көзі қайда қарағанын, қолының қалай қозғалғанын, затты қалай ұстағанын, қандай ретпен әрекет жасағанын тоқтаусыз тіркейді. Кей жағдайда жұмысшылардың қолы мен аяғына қозғалысын толық тіркейтін арнайы датчиктері бар білезік тағылады немесе арнайы костюм киіледі.

Алпауыт технологиялық компанияларға мұндай машақаттың қажеті қанша? YouTube, TikTok тегін туториалға — қадам-қадамымен, кезең-кезеңімен берілетін нұсқаулыққа немесе онлайн-оқыту құралына толып тұр ғой. Солар арқылы робот нақты бір істі қалай жасау керектігін біліп, мәселені шешуге үйреніп, жаңа дағдыны меңгере алмай ма? Шынында, қарапайым мәтін немесе үшінші тұлға тұрғысынан түсірілген видеоролик арқылы «плита құлағын бұра», «сүлгіні бүкте», «мангоны тура» деп түсіндіру —

тапсыру керек. Сонда адамдардың қолы босайды, әлдеқайда пайдалы істермен айналыса алады, денсаулығына көңіл бөлуге мүмкіндігі болады», — деген Шанкардың дәйектемесін таратты. Ауқатты еуропалықтар үшін бұл жақсы айғақтай көрінер. Бірақ Азия, Африка, Латын Америкасының екі қолға бір күрек таппай, қайыршылық күй кешкен жүздеген миллион тұрғыны мұны түсіне қоймас.

емес. Ол — дерек. Ал дерек — жаңа экономиканың шикізаты.

ҮЙРЕТУДІҢ «АРҒЫ ЖАҒЫ, БЕРГІ ЖАҒЫ»

Жаңа кәсіп сарапшыларды екіге жарды. Time Use Survey сарапшылары үйбикелерінің түрлі шаруаны онсыз да тегін жасауға мәжбүр екенін алға тартады. Зерттеуге сәйкес, өткен бір жылда азиялық әйелдер ақысы төленбейтін үй шаруасына күніне орта есеппен бес сағатын жұмсаған. Бұл ерлердікінен 7,6 есе көп көрінеді. Демек, асүйде тамақ істегенін смартфонға түсіріп, сол үшін ақы алуды — «жай ғана үй жұмысы» саналатын әрекеттің цифрлық капиталға айналуының белгісі ретінде ұсынады.

Сонымен, сарапшылардың бір бөлігінің пайымдауынша, бұл жаңа жұмыс түрінің жақсы жағы әлемес. Біріншіден, бұрын нарықта бағаланбаған еңбекке бұдан былай ақы төленеді. Үй шаруа-

мал. Негізгі қолдану салалары — өнеркәсіп, кеңсе және коммерция. Бұл ретте бір роботтың бірнеше жүз адамды ауыстыра алатыны туралы жорамал бар. Жаһанда әрине, жүздеген миллиард жұмысшы жоқ. Барының бәрін — Жер шарының бүкіл 8 миллиард тұрғынын осы миллиард андроид еңбек нарығынан ығыстырып шығаруға қауқарлы.

Бұл жерде қауіп-қатер тек «робот жұмысшыны алмастырады» деген қарапайым формуламен шектелмейді. Мәселе — адамның кәсіби тәжірибесі цифрлық дерекке айналып, кейін сол деректің негізінде жасалған жүйе адамның еңбегін арзан ете алатынында. Ендеше тіпті жұмыс орнында қалатын қызметкерлердің де табысы азайып, тұрмысы құлдырауы ықтимал.

Тағы бір алаңдаушылық — роботтардың жауапкершілікті сезінбейтінімен, аяушылықты білмейтінімен байланысты. Tech Xplore маманданған басылымы Карурдегі Objectways кәсіпорнының қызметкері Кавиннің сөзін келтіреді: «Роботтарды үйрету қиынға түсіп тұр. Олар көлік не компьютер құрастыру сияқты нақты бағытталған әрі тұрақты қайталанатын қызметті қапысыз атқара алады. Алайда жан-жақты білімді, өзгертін қоршаған ортаға ден қоюды немесе адамға тән қимыл-қарым мен машық-дағдыны қажет ететін жұмыста жиі жаңылады. Айталық, роботты киімді дұрыс бүктеуге үйрете алмай жатырмыз. Кейде жинау кезінде ақырғы нәтиже бағдарламаланғандай дұрыс шықпаса тығырыққа тіреліп, үйіндіні шашып жібереді. Бұл ашуланғаны емес. Бірақ қауіпті. Ол киім жинаушы емес, стоматолог-робот болса ше?» — деп мазасызданды 27 жастағы инженер.

Әйткенмен, қара аспанды төндіру де да жарамас. Numyn Labs компаниясының сарапшылары роботтар адам орнын тегіс басады деген пікірмен келіспейді: «Болашақта олар қоян-қолтық, бірге жұмыс істейтін жүйе қалыптасуы мүмкін», — деген тұжырымға келді. Мәселен, Үндістандағы адам-дәнекерлеуші Прагадағы дәнекерлеуші-роботты басқара алады. Соның нәтижесінде адамдарға Еуропаға және басқа ауқатты елдерге үдере көшудің, миграцияның мәні қалмауы мүмкін.

Қалай болғанда, жаңа технологияның ең үлкен сабағы — жаңа заманда адамды машинадан қорғау, замана үрдісінен оқшаулану емес, машина үстемдігі күшейер дәуірде адамның қадірін жоғалтпау, халықтың ауқатын арттырудың жаңа жолдарын іздеу болмақ.

Жасанды интеллект адамның уақытын үнемдеп, ауыр еңбегін жеңілдетіп, табысын көбейтсе, бұл — өркениеттің жеңісі. Ал адамды төл қимылын цифрландыруға жалдап, кейін оның жұмысын тартып алса, бұл — әлеуметтік нәубет. Сондықтан бүгінгі маңдайдағы камераға тек жаңа кәсіптің нышаны деп қарауға болмайды. Ол — адамзат алдында тұрған үлкен сын-тегеурін. Ол сынақтан қалай өтетіні адамдар мен мемлекеттердің пәрменді тірлігіне, жауапты ісіне, ақылмен қабылданған шараларына байланысты болмақ.

ОҚЫҒАН РОБОТ АДАМЗАТТАН ОЗАР

робот үшін жеткіліксіз. Машина адам қолының затпен нақты қалай әрекеттесетінін көруі керек.

КОЛ ҚИМЫЛЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰНЫ

Франс Пресс агенттігінің (AFP) жуырдағы репортажының кейіпкері, үндістандық Ченнай қаласының тұрғыны, 25 жастағы үй шаруасындағы әйел Нагиредди Шрирамьяндр маңдайына смартфон тағып, ас үйдегі қарапайым әрекеттерін түсіру арқылы нәпақа тауып жүр. Ол бір сағаттық видео үшін шамамен 250 үнді рупийін, яғни 1 мың теңгедей табыс табады. Қазақстандықтар мұны азсынар. Бірақ шамамен 30-35 миллионнан астам тұрғыны ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелген, тағы 490 миллионнан астамы тұрақты еңбек шарты жоқ, көленкелі экономикада немесе ауыл шаруашылығында маусымдық жұмыспен күн көріп жүрген Үндістанда бұл сома — жанбағыс үшін қажет кәсіп.

Сонымен бірге Нагиредди ханымның сөзі жаңа «бизнестің» парадоксын дәл көрсетеді: «Күнделікті үй шаруасымен айналысқаныңыз үшін сағатына 250 рупийді басқа кім сізге төлейді? Әрине, осы арқылы адам пішіндес роботтарды үйретіп жатқанымды білемін. Ол туралы келісімшартта айтылған. Бұл нақты мені алаңдатпайды. Мүмкін, байып, болашақта роботты өзім де сатып алармын», — деп күлді Шрирамьянчандра. Бәлкім, бұл әзілі шығар. Бірақ оның астарында тұтас дәуірдің зілі және қайшылығы жатыр.

Осы үйбикесі сияқты роботқа ұстаздық етушілерді шетелдік жұмыс берушілермен байланыстыратын делдал — Objectways компаниясының басшысы Рави Шанкар тапсырыс берушілерге нақты қандай әрекет қызық екенін санамалады: киім бүктеу, кофе пісіру, ұлттық немесе экзотикалық тағамдар, қарапайым сэндвич жасау және басқасы.

AFP агенттігі: «Кейбір жұмыстарды гуманоидті роботтарға



Би-Би-Си Бангладештегі тоқыма фабрикасында маңдайына камера тағып, көзіне смарт-көзілдірік киген жұмысшыларды суретке түсірді. Сондай-ақ компаниялардың тұтас студияларды іске қосқанын хабарлады: ондағы кеңсеге, пәтерге немесе қонақүйге ұқсатып жабдықталған бөлмелерде персонал төсек жинайды, сүлгі бүктейді, асүйде тамақ істейді, бөтелке ашады, тіпті үстелдегі түрлі түсті қарындаштарды белгілі бір тәртіппен орналастырады.

21 жастағы инженер Рани Н. күніне шамамен 90 видео түсіреді екен. Эрроликтің ұзақтығы — төрт минуттай. Ал Qanat Consulting Services компаниясының бас директоры Таслим Паттанның айтуынша, бағдарламаға қатысатын 2000 адамның кейбірі қолы мен аяғына қозғалыс датчиктері бекітілген білезіктер тағып жүреді. Күні бойы оны шешіп, дамылдауға тыйым салынған.

Бұл да қазіргі заманғы «құлдықтың» бір түрі болса керек. Қалай болғанда, роботтар бүгінде адамзатты тануда. Тиісінше, адамның күнделікті тіршілігі олар үшін енді жай өмір мен еңбек

сындағы әйел, бала, немесе мүмкіндігі шектеулі жан табыс таба алады.

Екіншіден, Үндістан, Қытай, Африка елдері сияқты еңбек күші шектен тыс көп өңірлерде бұл кедей адамдарға жаңа мүмкіндік береді. Үшіншіден, роботтарды нақты өмірге бейімдеу қауіпті, ауыр немесе өнімділігі тым төмен жұмыстарды автоматтандыруға жол ашады. Шахтадағы жарылыс қаупі бар жұмыс, кеңседегі бір-сарынды операция, өндірістегі ауыр еңбек роботқа тапсырылса, адамдар қауіпсіздеу әрі шығармашылық еңбекке ауыса алады деген теория бар.

Сонымен бірге бұл кәсіптің теріс жағы да толып жатыр. Ең бастысы, адам осы «кәсіп» арқылы өз орнын өзі босатып бермек. Ең үлкен үрей де сонымен байланысты. Қарапайым жұмысшыдан бастап, ісі күрделі дәрігер, инженер, өнер адамдары роботты жаппай үйретіп жатыр. Робот үйренген сайын адамның сол еңбегіне қажеттілік азаюы мүмкін.

Morgan Stanley болжамы бойынша, 2050 жылға қарай әлемде адам тәрізді роботтардың саны бір миллиардтан асуы ықти-

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ҒЫЛЫМИ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Биыл 18 тамызда Бейжің қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев пен Қытай ғылым академиясының президенті Хоу Цзяньгоның кездесуі өтті. Тараптар академиялық өзара байланыстан нақты бірлескен ғылыми-технологиялық жобаларды іске асыруға көшу мәселесін талқылады. Келіссөздер қорытындысы бойынша ынтымақтастықтың төрт басым бағыты айқындалды.

Оның ең әуелгісі — Қытай — Орталық Азия жерсеріктік желісін құру. Бірінші бағыт ғарыштық мониторинг жүргізу үшін бірлескен жерсерік инфрақұрылымын құруға байланысты. Жоба бес жерсерікті, оның ішінде өсімдіктердің, топырақтың, судың және минералды объектілердің жай-күйін егжей-тегжейлі анықтауға мүмкіндік беретін кеңістіктік ажыратымдылығы жоғары аппараттарды, гиперспектрлік жерсеріктерді, сондай-ақ бұлттылық пен тәулік уақытына қарамастан бақылау жүргізе алатын радиолокациялық жерсеріктерді ұшыруды көздейді.

Жобаның практикалық міндеті — ғарыштық суреттерді алу-дан бастап толыққанды циклге: деректерді жинау, оларды өңдеу, ғылыми талдау, болжау және мемлекеттік органдар мен экономика салалары үшін шешімдер дайындауға көшу. Қолданудың негізгі салалары — су ресурстары мен мұздықтарға, ауыл шаруашылығы алқаптары мен жайылымдарға, су тасқынына, құрғақшылыққа, табиғи өрттерге, жердің тозуына және басқа да табиғи-климаттық тәуекелдерге мониторинг жүргізу.

Қазақстандық тарап Қытай ғылым академиясының бейінді институттарымен жерсеріктерді әзірлеу, ұшыру, пайдалану және алынатын деректерді іс жүзінде қолдану бойынша ынтымақтастықты пысықтауда. Жерсеріктік желіні жасанды интеллект құралдарымен ұштастырудың маңызы зор, бұл мониторингтен болжау мен модельдеуге көшуге мүмкіндік береді.

Екінші бағыт — ғылымға арналған жасанды интеллект (AI for Science) және DeepBas платформасын дамыту. Кездесудің басты тақырыбы ғылым үшін жасанды интеллектіні AI for Science-ті дамыту болды. Бұл тек тілдік модельдерді пайдалану ғана емес, жасанды интеллектіні тікелей ғылыми циклде қолдану: ғылыми әдебиеттер мен үлкен деректер массивтерін талдау, заңдылықтарды анықтау, гипотезаларды тұжырымдау және тексеру, күрделі процестерді модельдеу, эксперименттерді жоспарлау және нәтижелерді болжау.


Ұлттық ғылым академиясы осы бағыттың қазақстандық негізі ретінде кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллектінің DeepBas платформасын дамытуда. Оның міндеті — күрделі пәнаралық мәселелерді шешу үшін ғылыми білімді, жерсеріктік және геоаппараттық деректерді, бақылау

нәтижелері мен мамандандырылған модельдерді бірыңғай ортаға біріктіру.

Келіссөздер барысында Қытай ғылым академиясының бейінді институттарымен Қазақстанда «Паньши» іргелі ғылыми моделін және «Цыдун Тайчу» мультимедальді моделін бейімдеу, сондай-ақ оларды DeepBas-пен біріктіру бойынша ынтымақтастық талқыланды. Бұл дайын шешімдерді жай ғана көшіру емес, мамандандырылған ғылыми модельдер мен ЖИ-агенттерін бірлесіп жасау үшін оларды қазақстандық ғылыми деректерге, тілдік ортаға және салалық міндеттерге бейімдеу.

Практикалық қолдану бағыттары су ресурстарын, ауыл шаруашылығын және геологияны қамтиды. Яғни су тасқынын, құрғақшылықты және су тапшылығын бағалау үшін жерсеріктік, гидрологиялық және метеорологиялық деректерді; өнімділікті болжау үшін топырақ, егіс және ауа райы туралы деректерді; перспективалық кен орындарын іздеу үшін геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және аэроғарыштық деректерді бірлесіп талдауды ұйымдастырады.

Хоу Цзяньго геологиялық болжау мен іздеудің, соның ішінде аса маңызды минералдық ресурс-



тарды барлаудың дәлдігін арттыру үшін ЖИ және кешенді деректерді қолданатын «ақылды геология» бағытын дамытуды жеке ұсынды.

Тағы бір маңызды бағыт — модельдерді оқыту және верификациялау, соның ішінде тарихи-мәдени мұра материалдарын қоса алғанда, қазақ және орыс тілдерінде сапалы ғылыми корпусстар мен білім базаларын құру. Бұл өзіміздің ұлттық ғылыми білім базамызды дамытуға және ЖИ-ді тек жаратылыстану ғылымдарында ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық зерттеулерде де қолдануға мүмкіндік береді.



AI for Science саласындағы ынтымақтастық, сонымен қатар бірлескен зерттеу топтарын құруды, ғалымдармен алмасуды және шынайы ғылыми жобаларда жаңа ЖИ-құралдарын апробациялауды көздейді.

Үшінші бағыт — ядролық физика және энергетика. Тараптар ядролық физика, материалтану, қауіпсіздік және жаңа энергетикалық технологиялар саласындағы бірлескен зерттеулерді тал-

жаңа буын реакторлары мен басқа да жоғары технологиялық кондырғылар үшін маңызды.

Сондай-ақ ядролық отынның перспективалық түрлері талқыланды. TRISO — жоғары температураға төзімді микроотын, мұнда ядролық материал бөлшектері бірнеше қорғаныш керамикалық қабаттарға салынған, бұл олардың жоғары температурадағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігін арттырады. MOX — ядролық отын циклінің ресурстарын толық пайдалануға мүмкіндік беретін уран мен плутоний оксидтеріне негізделген аралас оксидті отын. Қосымша бағыттар ядролық және радиациялық қауіпсіздікті, радиоэкологияны, изотоптық технологияларды және ядролық әдістерді медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында қолдануды қамтиды.

Практикалық іске асыру үшін нақты зерттеу міндеттері бар, эксперименттер жүргізетін, мамандармен алмасатын және кадрлар даярлайтын Қазақстан мен Қытайдың бейінді институттарының бірлескен ғылыми топтарын құру ұсынылды.

Төртінші басымдық — Alatau City бойынша ғылыми-технологиялық серіктестік. Қазақстан қытайлық инновациялық орталықтардың, ең алдымен, ғылым, инженерия, технологиялық компаниялар, инвестициялар мен өнеркәсіп бірыңғай жүйеге біріктірілген Шэньчжэньнің тәжірибесін пайдалануға мүдделі.

Қытай ғылым академиясының институттары мен сарапшыларын ғылыми-технологиялық болжауға, перспективалық жобаларды сараптауға, технологиялық мамандануларды қалыптастыруға

және бірлескен зерттеу әрі инженерлік орталықтарды дамытуға тарту ұсынылады. Alatau City аумағында ҚР ҰҒА мен Қытай ғылым академиясының бірлескен ғылыми-инновациялық орталығын құру мүмкіндігі жеке қаралды.

Мұндай орталық жасанды интеллект, ғарыш технологиялары, жаңа материалдар, энергетика, робот техникасы, цифрлық егіздер және басқа да перспективалық бағыттардағы бірлескен жобалар үшін алаңға айналып, ғылыми идея мен прототиптен бастап пилоттық жобалауға, инженерлік пысықтауға және коммерцияландыруға дейінгі жолды қамтамасыз ете алады.

Ынтымақтастықтың маңызды ортақ бағыттарының бірі ғылыми кадрларды даярлау болмақ. Хоу Цзяньго Қазақстан ғалымдары үшін өзара іс-қимылдың басым бағыттары бойынша Қытай ғылым академиясының докторлық және постдокторлық бағдарламаларына квоталар қарастыруды ұсынды. Бұл тұрақты бірлескен зерттеу командаларын құруға және жасанды интеллект, ғарыш технологиялары, геология, ядролық физика мен энергетика, су ресурстары, жаңа материалдар және басқа да перспективалық ғылыми-технологиялық бағыттар саласындағы ынтымақтастықтың кадрлық базасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар үйлестірушілерді анықтап, аталған төрт бағытты егжей-тегжейлі пысықтау үшін бірлескен жұмыс тобын құруға келісті. Оның міндеті нақты жобаларды, бейінді институттарды, іске асыру кезеңдері мен өзара іс-қимыл тетіктерін анықтау болмақ. Жаңа кезеңнің негізгі міндеті — негіздемелік меморандумдардан технологияларды, ғылыми инфрақұрылымды және практикалық шешімдерді бірлесіп жасауға көшу, мұнда AI for Science бағытына ерекше орын беріледі.

Жиын соңында ҚР ҰҒА президенті Хоу Цзяньгоны, Қытай ғылым академиясының басшылығы мен жетекші ғалымдарын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына арналған салтанатты шараға қатысуға шақырды.

Ардақ СҰЛТАН

КӨКЕЙКЕСТІ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Соңғы уақытта әлеуметтік желідегі балағат сөз, әдепсіз әрекет пен агрессияға қатысты жауапкершілік мәселесі қоғам назарын өзіне аударып отыр. TikTok пен өзге платформалардағы тікелей эфирлерге мониторинг күшейді. Оның көрінісі – заң талабын бұзған бірқатар стример мен блогерлердің әкімшілік жауапкершілікке тартылуы. Ғаламтордағы бейпіл сөздің (бейәдеп, балағат) де шегі болуға тиіс. Мұны тікелей эфирде отыратын блогерлер де ескеруі қажет.

Гүлзина БЕКТАС

Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Ерлан Қарин хайп үшін заң бұзғандарды ашық жауапкершілікке тарту өзгелерге сабақ болып, қоғамда жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруға ықпал ететінін атап өткен еді. Шын мәнінде, қоғамдық мәдениет қалыптастыру көшеде не қоғамдық орындарда шешілмейді. Бұл әлеуметтік желідегі әрекеттен де көрініс табуға тиіс.

АҚПАРАТ АЛМАСАТЫН АЛАҢ

Расында, бүгінде әлеуметтік желі тек ақпарат алмасатын алаң ғана емес, миллиондаған адамның күнделікті қарым-қатынас жасайтын қоғамдық кеңістігіне айналды. Бірақ бұл кеңістікті кім қалай қолданып жүр? Лайк, қаралым, жазылушы мен донат үшін кейбір әлеуметтік желі қолданушылары әдеп, құқық шегінен асып түсе бастады. Балағат сөз айтатындар көбейді, қауіпті пранк жасауға үйір болды, тікелей эфир арқылы оғаш әрекет жасайтындар аудиторияны осылай жинаймыз деп ойлайтын болды. Мұның бәрі құқық қорғау органдарының да назарын аударып бастады.

Ішкі істер министрлігінің 4 тамызда жариялаған мәліметіне сәйкес, Қазақстанда заң талаптарын бұзған 20-дан астам стример жауапкершілікке тартылған. Олардың арасында тікелей эфирде балағат сөз айтқандар, әдепсіз әрекеттер көрсеткендер, қауіпті пранк ұйымдастырып, өзге азаматтарды қорлағандар да бар. Мәселен, Шымкент қаласының тұрғыны TikTok эфирінде бейәдеп сөздер қолданғаны үшін 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынса, ал Талдықорған тұрғынына қайталанған құқық бұзушылығы үшін әкімшілік айыппұл салынды.

Мұндай жағдайлар мұнымен ғана шектелген жоқ. 13 тамызда Ақтөбеде TikTok-тағы тікелей эфир кезінде балағат сөз айтып, қорлайтын ым-ишаралар көрсеткен 26 жастағы тұрғын сот шешімімен 5 тәулікке қамалды. Ал 17 тамызда Қостанайда Instagram желісіндегі бейнероликте балағат сөз қолданған азаматшаға 60 550 теңге айыппұл салынды. Сот қаулысы жарияланған сәтте әлі заңды күшіне енген еді.

Шахтинск қаласында да TikTok тікелей эфирінде балағат сөз айтып, әдепсіз қимыл көрсеткен тұрғынға сот 86 500 теңге кө-

ДҮМШЕЛІК ТҮБІ – донаттан

лемінде айыппұл тағайындаған. Бұл іс Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің құқыққа қайшы контентті орналастыру мен таратуға қатысты нормасы бойынша қаралған.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ДЕГЕНІМІЗ – ТЕК ЖАЗАЛАУ ЕМЕС

Осы оқиғалардан кейін әлеуметтік желідегі сөз еркіндігі мен жауапкершіліктің арақатынасы, балағат сөз бен қорлаудың құқықтық шекарасы туралы сауалдар жиі қойыла бастады. Бұл туралы заңгер Абзал Құспаннан сұраған едік.

— TikTok-та балағат сөз айтқаны үшін айыппұл салу – қоғамдық әдепті сақтаудың тиімді жолы секілді. Осылайша, әлеуметтік желідегі әдеп мәдениетін қалыптастыра аламыз ба?

— TikTok немесе өзге де әлеуметтік желілерде балағат сөз қолданғаны үшін айыппұл салу, яғни әкімшілік жауапкершілікке тарту қоғамдық әдепті сақтаудың бір тетігі ретінде қарастырылады. Дегенмен бұл мәселені шешудің жалғыз жолы емес, әрине.

Әлеуметтік желі – заңнан тыс аймақ емес. Керісінше, ол – миллиондаған адам көретін ашық қоғамдық кеңістік. Сондықтан онда айтылған әрбір сөз бен жасалған әрекет үшін жауапкершілік те жоғары болуға тиіс. Әр адам өз сөзінің салдары бар екенін түсінуі қажет.

Мемлекет бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Негізгі мақсат – жаппай жазалау емес, қоғамда өзара құрмет пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Әсіресе жастар арасында кездесетін «Интернетте бәріне болады» деген түсініктен арылу маңызды.

Сонымен бірге тек жазалау шаралары жеткіліксіз екенін атап айтқым келеді. Алдын алу, түсіндіру және тәрбиелік жұмыстар қатар жүруге тиіс. Өйткені әлеуметтік желідегі мәдениет – жалпы қоғамдық мәдениеттің бір бөлігі.

— Әдепсіз сөз бен қорлаудың шекарасы заңда нақты белгіленген бе? Кез келген балағат сөз үшін адам жауапқа тар-тыла ма?

қадір-қасиетіне қандай нұқсан келтіргені ескеріледі.

Қажет болған жағдайда филологиялық және психологиялық сараптамалар да жүргізілуі мүмкін. Сондықтан белгілі бір сөзді контекстен жұлып алып, бірден құқықбұзушылық деп бағалау дұрыс емес. Нақты құқықтық бағаны әр істің ерекшелігіне қарай құқық қорғау органдары мен сот береді.

Жалпы, әлеуметтік желідегі жауапкершілік мәселесінде бір

дырып отырған әлеуметтік желі мәдениетіне қарсы қандай жүйелі шара қажет?

— Жастар мен жасөспірімдер арасындағы агрессияны тек жазалау арқылы азайту мүмкін емес. Жауапкершілікке тарту – атқарылатын жұмыстың бір бөлігі ғана.

Сол себепті де былтыр Мәжіліс депутаттарының бастамасымен «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл – 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №245-VIII ҚРЗ. Заң құқықбұзушылықтың салдарымен күресуге ғана емес, оның алдын алудың жүйелі тетіктерін қалыптастыруға бағытталған.

Бұл мәселедегі ең маңызды бағыт – тәрбиені ерте жастан бастау. Отбасынан бастап балабақша, мектеп, колледж және жоғары оқу орындарына дейін әдеп, өзара құрмет, жауапкершілік пен цифрлық мәдениет жүйелі түрде қалыптастырылуы керек.

Сонымен қатар ата-ана мен қоғам баланың интернеттегі ортасына бей-жай қарамауы қажет. Балаға тек «боқтық сөз айтпа» деумен шектелу жеткіліксіз. Оған мұндай сөздің неге зиян екенін, оның басқа адамға, өзара қарым-қатынасқа және тұтас қоғамға қалай әсер ететінін түсіндіру маңызды.

Бұл мәселе 14 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған менің «Заң мен Тәртіп» қағидатына арналған мақалама да кеңінен айтылды. Заң мен тәртіп дегеніміз – тек жазалау емес. Ол – ең алдымен адамның құқыққа, қоғамға және өзге адамның қадір-қасиетіне деген құрметі.

Сондықтан түпкі мақсат – жазадан қорыққандықтан ғана тәртіп сақтайтын емес, өз сөзі мен ісіне саналы түрде жауапкершілікпен қарайтын азамат қалыптастыру. Осындай мәдениет орныққанда әлеуметтік желідегі әдеп те біртіндеп өзгереді.

Заң жауапкершіліктің шегін белгілесек, тәрбие сол шектен аспайтын мәдениетті қалыптастырады.

P.S.

Әр адам – қоғамның бір бөлшегі. Адамдық өлшемі – биік ұғым. Қай дәуір, қай заман болса да адам баласы надандықпен күресіп келеді. Мұны данышпан Абай да айтқан: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды», – деген екен. Сондықтан қоғам надандықтан барынша арылуға күш салуы қажет. Айыппұл арқаалағаннан арқа жауыр болмайды. Адамдықты сақтау арқылы ғана айналамызды толық өзгерте аламыз!



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

Әлеуметтік желі – заңнан тыс аймақ емес. Керісінше, ол – миллиондаған адам көретін ашық қоғамдық кеңістік. Сондықтан онда айтылған әрбір сөз бен жасалған әрекет үшін жауапкершілік те жоғары болуға тиіс.

— Әдепсіз сөз бен қорлау мәселесі құқықтық тұрғыдан реттелген. Қорлау әрекеті Қылмыстық кодекстің 131-бабында қарастырылған және бұл бағытта белгілі бір сот тәжірибесі қалыптасқан.

Бірақ кез келген балағат сөз автоматты түрде қорлау болып саналмайды. Әрбір жағдай жеке қаралып, оның нақты мән-жайы жан-жақты сараланады. Атап айтқанда, сөздің кімге бағытталғаны, қандай жағдайда айтылғаны, оның мазмұны мен мағынасы, адамның ар-намысы мен

маңызды жайтты ескеру керек: заңнама балағат сөздің өзін ғана емес, оның қай жерде, қандай жағдайда және қандай салдармен айтылғанын да назарға алады. ПМ түсіндірмесінде де ұсақ бұзақылық ретінде саралау үшін қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзу, айналадағыларға сыйла-маушылық білдіру секілді мән-жайлардың маңызы көрсетілген.

— Жастар мен жасөспірімдер арасында боқтық сөз бен агрессияны қалыпты құбылысқа айнал-

ТАМЫЗ ТАЛАБЫ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ
МАШАҚАТЫ

Жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналар үшін ең өзекті мәселенің бірі баланы мектепке дайындау екені белгілі. Әсіресе, көпбалалы және әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылар үшін бұл кезең жыл сайын қаржылық салмақты арттырады. Биыл Атырауда мектеп формасы мен оқу құралдарының бағасы тағы да қымбаттап, ата-аналардың алаңдаушылығын күшейтіп отыр. Дәл қазіргі уақытта Атырауда мыңдаған бала мемлекеттік көмектен тыс қалып қойды. Біз мәселенің мәніне үңіліп көрдік.

А **Баян ЖАНҰЗАҚОВА,**
Атырау облысы
МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ
ҚАНША ТҰРАДЫ?

Қазіргі нарықтағы бағаларға көз жүгіртсек, мектепке бір баланы дайындаудың өзі көптеген отбасы үшін едәуір шығынды қажет етеді. Саудагерлердің айтуынша, мектеп формасы мен кеңсе тауарларының кейбір түрлері былтырғы жылмен салыстырғанда 10-20 пайызға қымбаттаған. Бұл, әсіресе бірнеше баласы мектепте оқитын отбасыларға қосымша қаржылық салмақ түсіріп отыр.

Мәселен, қарапайым базарлардың өзінде мектеп жейдесі 6 500-12 000 теңге аралығында болса, шалбар бағасы 7 500-16 000 теңгеге дейін барады. Қыз балаларға арналған белдемшелер 8 мың теңгеден басталады. Спорттық киім жиынтығы 14-22 мың теңге, ал мектеп сөмкесі 4 500-15 000 теңге аралығында сатылып жатыр. Бұған аяқкиім, кеңсе тауарлары, жұмыс дәптерлері мен басқа да қажеттіліктерді қосқанда бір оқушыны мектепке дайындауға орта есеппен 70-80 мың теңге қажет. Мектепте бір емес, бірнеше баласы оқитын отбасылар үшін бұл шығынның көлемі бірнеше есеге ұлғаятыны түсінікті. Тағы да қайталап айтамыз, біз қарапайым базарлардағы бағаны салыстырдық. Ал сауда үйлеріндегі баға базардағыдан әлдеқайда қымбат болуы мүмкін. Мұнайлы өңір саналатын Атырауда халықтың бәрі бірдей ауқатты ма? Мектепке бірден 5-6 баласы баратын отбасылар оқушыны сабаққа дайындауға жарты миллионға жуық ақша жұмсауға дайын ба? Бұл жағы үлкен сұрақ.

ӘКІМДІК АЛДЫНА
ЖИНАЛҒАН АНАЛАР

Осыдан бірнеше күн бұрын Атырауда даулы жағдай болды. Көпбалалы аналар жаңа оқу жылы қарсаңында берілетін бірреттік қаржылай көмектен қағылғандарын айтып, облыстық әкімдік алдына жиналды. Олардың айтуынша, бұрынғы жылдары мектептер арқылы қажетті құжаттарын өткізіп, көмек алып келген. Биыл да дәл сол тәртіппен әрекет еткен.

Алайда мектеп қызметкерлері балалардың жеке сәйкестендіру нөмірін арнайы база арқылы тексергеннен кейін көпшілігіне көмек ала алмайтындарын хабарлаған.

Көмектен қағылғандардың бірі — төрт баланың анасы Гүлзира Елеуғалиева. Ол өтінішінің бірнеше минут ішінде қабылданбай қалғанын айтады.

— Мектепте төрт балам оқиды. Біреуі Оралда, үшеуі Атырауда. Құжат тапсырғаннан кейін бір минутқа жеткізбей бас тарту туралы жауап келді. Себебін сұрасақ, нақты түсіндіре алмайды. Бізден барлық құжатты жинап әкелуді сұрады, бәрін тапсырдық. Бірақ ешбір құжат қаралмағандай әсер қалдырды. Бұл көмек шын мәнінде мұқтаж барлық отбасына берілуі қажет қой, — дейді ол. Наразы аналар табысы төмен, бірнеше баласы бар отбасылардың көмексіз қалуы түсініксіз жағдай екенін алға тартуда.

Айнұр Жұмахметова — көпбалалы ана. Оның мектеп жасындағы алты баласы бар. Толық отбасы. Бірден айтайық, Айнұр әкімдік алдына жиналған наразы аналардың қатарында болған жоқ. Айнұрдың шағын кәсібі бар. Ол тапсырысқа қыз жасауын тігеді. Құрақ көрпені шағын бизнеске айналдырған Айнұр айына жаман табыс таппайды.

— Мектепке киімдерді әлі ала қойғанымыз жоқ. Жолдасым қазір вахтада жүр. Тамыздың аяғына қарай, жолдасымның еңбекақысына балаларды киіндіруге шығамын деп отырмын. Менің алты



баламның бәрі де мектепте. Жақында ортаншы қызым қаладағы мен деген лицейлердің біріне түсті. Ол мектептің формасы басқа, бомбер, белдемше, шалбар, футболкаларына 55 мың теңге төлеп кеттім. Мұның сыртында спорттық киім, аяқкиімдері, сөмке, оқу құралдары бар. Тағы бес балам қарапайым мектепте оқиды. Оларды базардан киіндіремін деп отырмын. Шамамен 800 мың теңгедей ақша керек деп ойлаймын. Тапсырыспен қыз жасауын тігіп отырсам да, мен үшін де бұл сома аз емес. Себебі мектепке дайындаудан бөлек, әр баланың курстары, үйірмелері аз ақша тұрмайды. Оған күнделікті тамақты қосыңыз. Қазір қоғамда көпбалалы десе, бәрінің әлеуметтік жағдайы төмен деген түсінік қалыптасқан. Көпбалалы отбасылардың бәрі бірдей мемлекетке алақан жайып отырған жоқ. Дегенмен көпбалалы болу — үлкен жауапкершілік, — дейді Айнұр Жұмахметова.

«МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРДЫҢ
ӨЗІ ТІЗІМНЕН
ШЫҒЫП ҚАЛҒАН»

«Аналарға көмек қолдау» қоғамдық қорының төрайымы Сандуғаш Көкенова бұл мәселе жеке-кейін жағдай емес екенін айтады. Оның айтуынша, көмек алуға үміттенген көптеген отбасы жаңа жүйе бойынша іріктеуден өте алмаған.

— Қазір шын мәнінде мұқтаж отбасылардың көпшілігі көмексіз қалып отыр деген шағымдар түсуде. Кейбір аналардың айтуынша, отбасының табысы аз болғанына қарамастан, жүйеден бас тарту туралы жауап келген. Тіпті көпбалалы отбасылар арасында да мұндай жағдайлар кездесіп жатыр. Сондықтан аналар мемлекеттен жыл сайын беріліп келген қолдаудың әділ әрі ашық тетігін талап етеді, — дейді қоғамдық белсенді.

Қоғам белсенділерінің пікірінше, мәселе тек қаржылай көмекте емес. Бұл әлеуметтік қолдау тетіктерінің нақты мұқтаж жандарға жету-жетпеуі туралы сұрақты күн тәртібіне шығарып отыр.



Мәселен, қарапайым базарлардың өзінде мектеп жейдесі 6 500-12 000 теңге аралығында болса, шалбар бағасы 7 500-16 000 теңгеге дейін барады. Қыз балаларға арналған белдемшелер 8 мың теңгеден басталады.

ЖАҢА ЖҮЙЕ
ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Атырау облыстық Білім беру басқармасынан анықтағанымыз, биыл әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі түбегейлі өзгерген. Бұрын Жалпыға міндетті оқу қоры арқылы ата-аналар құжат жинап тапсыратын болса, енді бұл процесс толық автоматтандырылған. Оқу-ағарту министрлігі мен басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері біріктіріліп, отбасының әлеуметтік жағдайы мемлекеттік деректер базасындағы мәліметтер негізінде бағаланады.

Соның нәтижесінде бұрын құжат арқылы расталатын кейбір санаттар автоматты түрде анықталады. Облыстық Білім беру басқармасының басшысы Марат Әбуов қазір жүйенің басты мәселесі бас тарту себептерін түсіндірудің күрделілігі екенін айтады.

— Бұл жерде ата-аналардың жеке деректеріне қатысты мәсе-

лелер бар. Сондықтан қызметкерлер барлық мәліметті ашып қарай алмайды. Біз Оқу-ағарту министрлігіне ұсыныс жасадық. Егер азаматқа көмек тағайындалмаса, оған нақты қандай себеппен бас тартылғаны туралы хабарлама жіберілуі керек деп есептейміз. Қазір бұл мәселе қарастырылып жатыр, — деді Марат Әбуов.

Білім беру басқармасының мәліметіне сәйкес, былтырғы көмек алушылардың едәуір бөлігі биыл жаңа жүйе талаптарына сәйкес келмеген. Нақтырақ айтқанда, былтыр екінші санат бойынша көмек алған 14 мың баланың шамамен 7 мыңы биыл автоматтандырылған сүзгіден өтпеген. Бұл жағдай қоғамда қызу талқыланып жатыр. Өйткені ата-аналардың басым бөлігі өздерінің нақты қандай көрсеткіш бойынша көмекке лайық деп танылмағанын білмейді.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай жағдайда азаматтарға түсіндіру жұмыстары күшейтілуі қажет. Әйтпесе цифрландырудың басты мақсаты ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету болғанымен, керісінше, түсініспеушілік пен әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін.

БИЫЛ ҚАНША
БАЛА КӨМЕК АЛАДЫ?

Облыстық Білім беру басқармасының мәліметіне сәйкес, Атырау облысында жаңа оқу жылы қарсаңында 23 мыңнан астам оқушыға бірреттік материалдық көмек көрсету жоспарланған. Әр балаға 50 851 теңгеден төленеді. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 1,2 миллиард теңге бөлінген. Қазіргі таңда 5 342 балаға қаржылай көмек аударылған.

Сонымен қатар автоматты жүйеден өте алмаған балаларды қолдау мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы іске асырылуда. Былтыр осы акция арқылы өңірде 5 мыңға жуық балаға көмек көрсетілген. Биыл акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

Сарапшылардың пікірінше, ақпараттық жүйелер азаматтардың ресми табысын көрсеткенімен, олардың нақты әлеуметтік жағдайын дәл бейнелей бермейді.

— Қазір Қазақстанда несиесі жоқ адам ілуде біреу. Автоматтандырылған базада несие жүктемесі, уақытша жұмыссыздық немесе бейресми табыс мәселелері көрінбеуі мүмкін. Сондықтан әлеуметтік көмекті толық автоматтандырумен қатар апелляция механизмін де жетілдіру қажет. Азамат көмек ала алмаса, оның себебін біліп, қайта қарауға өтініш бере алуы тиіс, — дейді заңгер Нұрайым Шандозова.

Атыраудағы жағдай бір өңірдің мәселесі ғана емес. Бұл — цифрландыру мен әлеуметтік әділеттілік арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың қаншалықты маңызды екенін көрсететін мысал. Жаңа оқу жылы қарсаңында қоғамды алаңдатқан басты сұрақ өзгермейді: мемлекеттік қолдау жүйесі шынымен мұқтаж баланы көре алып отыр ма?

ТАМЫЗ ТАЛАБЫ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Санаулы күндерден кейін білім ошақтарында алғашқы қоңырау соғылып, жаңа оқу жылы есігін ашады. Жыл сайын дәл осы кезеңде үйдегі ата-ананың кірісінен гөрі шығысы арта түседі. Өйткені баланы мектепке дайындайтын тұста, нарықтағы бағалар да әдеттегіден құбылып шыға келеді.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

**«БІР БАЛАНЫҢ
ДАЙЫНДЫҒЫНА 90 МЫҢ
ТЕҢГЕ КЕТТІ»**

Биыл да мектеп формасы мен кенсе тауарларының құнында өсім байқалады. Бір ғана тауардың бағасындағы аздаған айырмашылықтың өзі толық оқу құралдарын жинағанда едәуір сомаға айналады. Сол себепті кейбір ата-аналар қалтаға қонымды нұсқаны табу үшін онлайн дүкендерге жүгінеді.

— Биыл балам 1-сыныпқа барады. Мектепке қажет заттың барлығын бірден алмай, бағасын бірнеше жерден салыстырып көрдім. Кейбірін дүкеннен алсам, қалғанын онлайн тапсырыс бердім. Бірақ базарлардың өзінде баға өскен. Мектеп формасы үшін шамамен 30 мың теңге, аяккиіміне 20 мың теңге, спорттық киіміне 10 мың теңге жұмсадық. Сөмкесін онлайн дүкеннен 6 мың теңгеге алдық. Ал кенсе тауарлары үшін шамамен 20 мың теңге кетті. Жалпы, бір баланың мектепке дайындығына 90 мың теңгеге жуық қаржы жұмсалып отыр, — деді қала тұрғыны Құралай Жұмалдова.

Байқағанымыздай, оқу жылы қарсаңында негізгі ауыртпалық баласы бастауыш сыныпта оқитын ата-аналарға түседі. Ал жоғары сынып оқушылары үшін салыстырмалы түрде шығын азырақ.

— Жыл сайын бағалар қымбаттап барады. Биыл оқу құралдары үшін көп шығындалмадық. Негізгі қаражат киімге жұмсалды. Ол үшін шамамен 90 мың теңге кетті. Барлығын сапалы етіп алуға тырыстық. Кеңсе тауарларын шамамен 15 мың теңгеге сатып алдық, — деді 10-сынып оқушысының анасы Гүлмира ханым.

Біз де мектепке дайындық шығынын есептеу үшін дүкендер мен онлайн қосымшаларды шарлап, ондағы бағаларды салыстырып көрдік. Шынында, бірқатар тауардың құны дәстүрлі сауда орындарындағы бағадан әлдеқайда төмен екеніне көз жеткіздік. Бір тауардың өзінен бірнеше жүз, тіпті мың теңгедей үнемдеуге болады. Дегенмен айырмашылық барлық тауарда бірдей емес. Мысалы, Kaspi қосымшасында сөмкенің бағасы кемі 2 800–3 000 теңгеден басталады. Қарапайым 12 беттік бір дәптердің құны 28 теңгеден, 20 данасы 600 теңгеден басталады. Сәйкесінше, мұнда тауардың бағасы мен сапасы көңілінен шыққан пікір қалдырушылар да аз емес. Ал ABDI дүкеніндегі бағаларға келсек, мұнда сөмкелер 5 040 теңгеден басталса, дәптер 25–40 теңге аралығында сатылады. «Детский мир» дүкенінде бір дәптердің құны 29–59 теңге аралығында



ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

ҚЫСҚАН ҚЫРКҮЙЕК

бағаланса, қарапайым сөмкелер кемі 1 600 теңгеден басталады. Ал Marwin дүкеніндегі бағалар тіптен шарықтап тұр. Әсіресе көпбалалы ата-аналар үшін бұл дүкеннен сауда жасау қалтаға ауыр тиюі мүмкін. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларына арналған бір сөмкенің ең төменгі құны — 6 800 теңге. Жоғары сынып оқушыларына арналған сөмкелер 3 000 теңгеден жоғары. Бұл 72 пайыздық жеңілдік құнын қоса алғандағы баға екенін ескеру керек. Жеңілдікті қоспағанда, сөмкелер кемі 6 500 теңге. Ал бастауыш сынып оқушылары үшін жеңілдіксіз баға 12 мың теңгеден жо-

ғары. Қалауыңызға қарай, сөмкенің сапасы мен брендіне қарай бағалар да өсе береді. Аталған дүкендегі 12 беттік қарапайым бір дәптердің құны 140–350 теңге аралығын көрсетсе, 20 данасы 1 715 теңгеге сатылады. Бағалардың шарықтап тұрғанына қарамастан, керек-жарағын осы дүкеннен түгелдейтіндер де табылады.

**СӨРЕГЕ ЖЕТКЕНШЕ
ТАУАРДЫҢ ҚҰНЫ ӨСЕДІ**

Алайда сөрелердегі бағаның өсуі тек сатып алушыға емес, сатушыға да жүк түсіріп отырған көрінеді. Саудагерлердің айтуын-

ша, бағаның артуы сатушылардың өз еркімен белгілеген үстемесінен емес, тауардың өзіндік құнының қымбаттауынан болып отыр. Әсіресе сырттан жеткізілетін кеңсе тауарлары мен мектепке қажетті кейбір өнімдердің бағасына тасымал шығыны, валюта бағасы мен көтерме баға әсер етеді.

— Бізде сауданың маусымы тамыздан бастап қыркүйектің соңына дейін жалғасады. Шынын айтқанда, біз де бағаны көтергіміз келмейді. Бірақ тауарды өзіміз қымбатқа алып отырсақ, оны бастапқы бағамен сату мүмкін емес. Кейбір ата-аналар қымбатшылыққа сатушыларды кінәлайды. Дегенмен біздегі баға тауардың сатып алу құнына байланысты белгіленеді. Көтерме баға өскен сайын, бөлшек саудадағы құн да соған сәйкес өзгереді. Оның үстіне, жалға алу, логистика және басқа да шығындарымыз

қояды. Экономистің есебінше, қазіргі нарықтағы бағаны ескерсек, бір баланы мектепке дайындаудың өзі бірнеше айлық тұрмыстық шығынмен шамалас.

— Бүгінде мектепке дайындық көптеген отбасы үшін елеулі қаржылық жүктемеге айналды. Егер бір отбасының айлық табысы 500–700 мың теңге аралығында болса, бір баланы мектепке дайындауға орта есеппен сол табыстың 10–20 пайызы жұмсалады. Ал табысы 250–350 мың теңге көлеміндегі әлеуметтік осал немесе төмен табысты отбасылар үшін бұл көрсеткіш 25–40 пайызға дейін жетеді. Қазіргі нарықтағы бағаларға назар аударсақ, бір баланы мектепке толық дайындау құны шамамен мынадай: мектеп формасы — 35–70 мың теңге, аяккиім — 20–40 мың теңге, мектеп сөмкесі — 15–35 мың теңге, кеңсе тауарлары — 20–40 мың теңге, спорттық киім мен аяккиім — 20–40 мың теңге. Жалпы шығын 110 мыңнан 220 мың теңгеге дейін жетеді. Егер қосымша үйірмелерге қажет заттар немесе электрондық құрылғылар сатып алынса, бұл сома бұдан да жоғары болуы мүмкін. Екі баласы бар отбасы үшін мектепке дайындық шығыны 250–400 мың теңгеге дейін барады. Ең қиыны — көпбалалы отбасылардың жағдайы. Үш-төрт оқушысы бар жанұяларда мектепке дайындыққа кететін шығын бірнеше жүз мың теңгеге дейін өседі. Сондықтан ата-аналар басқа қажеттіліктерінен үнемдеуге немесе қарыз алуға мәжбүр болып жатады, — деді маман.

Бекнұр Қисықовтың сөзінше, әлеуметтік осал және көпбалалы отбасылар үшін атаулы көмекті

бар, — деді кәсіпкер Ботагөз (ред — есімі өзгертіліп берілді).

Саудагерлердің бұл жанай-скайын мамандарда жоққа шығармайды. Экономист Бекнұр Қисықовтың сөзінше, Қазақстандағы кеңсе тауарлары, аяккиім мен мектеп формаларының едәуір бөлігі импорт арқылы жеткізіледі немесе шетелдік шикізат негізінде өндіріледі. Сарапшының болжамынша, валюта нарығындағы тұрақсыздық пен импорт шығындары дәл осы қарқында сақталса, мектепке қажетті тауарлардың бағасы жаңа оқу

Алайда сөрелердегі бағаның өсуі тек сатып алушыға емес, сатушыға да жүк түсіріп отырған көрінеді. Саудагерлердің айтуынша, бағаның артуы сатушылардың өз еркімен белгілеген үстемесінен емес, тауардың өзіндік құнының қымбаттауынан болып отыр.

жылы басталғаннан кейін де қымбаттай беруі әбден мүмкін. Бұл жағдайда ата-ананың бүгінгі шығыны елдегі инфляциялық қысымның жалпы көрінісіне айналады.

— Бағаның күрт өсуіне нарықтағы ахуал мен саудагерлер тарапынан жасалатын әрекет те қатар ықпал етеді. Бір жағынан, импорт бағасының қымбаттауы, тасымал шығындары мен инфляцияға объективті себеп ретінде қарауға болады. Екінші жағынан, мектеп маусымы басталар алдында сұраныстың күрт артуын пайдаланып, кейбір сатушылар үстеме бағасын негізсіз көтеретін жағдайлар кездеседі. Сондықтан бағаның өсуін тек валюта бағамымен немесе тек алыпсатарлықпен түсіндіру дұрыс емес. Мұнда нарықтық факторлар да, маусымдық коммерциялық стратегиялар да қатар рөл атқарады, — деді сарапшы.

**МЕКТЕП ШЫҒЫНЫ
ТАБЫСТЫҢ 40 ПАЙЫЗЫНА
ЖЕТЕДІ**

Мәселенің ауқымын тауар құнын отбасы табысына шаққандағы үлесінен де аңғаруға болады. Табысы төмен және көпбалалы отбасылар үшін қыркүйек қарсаңындағы шығын отбасы бюджетінің елеулі бөлігін алып

күшейту мәселенің бір шешімі бола алады. Бұл ретте сарапшы мектепке дайындыққа арналған қаржылай көмекті немесе электронды сертификаттар жүйесін кеңейтуді ұсынды. Бұған қоса, ол мектеп жәрменкелерін ұйымдастырып, өндіруші мен тұтынушыны делдалсыз байланыстыру да түпкілікті бағаны төмендетуге мүмкіндік беретінін айтады.

— Ең алдымен, елімізде мектепке қажетті әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасына тұрақты мониторинг жүргізіп, бәсеке-лестікті қорғау органдары негізсіз баға өсіру фактілеріне жедел әрекет етуі қажет. Сондай-ақ отандық мектеп формасы мен кеңсе тауарларын өндірушілерді қолдау өте маңызды екенін айтқым келеді. Жергілікті өндіріс ұлғайған сайын импортқа тәуелділік азайып, баға тұрақтанады, — деп сөзін түйіндеді Б.Қисықов.

Түптеп келгенде, білімге бастайтын жолдың алғашқы қадамы ата-ананың қалтасына түсетін қаржылық салмақпен өлшенбеуге тиіс. Сарапшылардың пайымынша, нарықтағы бағаның аспандауы халық табысы мен күнделікті тұтыну бағасының арасындағы алшақтықты байқатып отыр. Сондықтан бұл түйткіл тұтас бір қоғамның мәселесі ретінде қарастырылуы маңызды.



РУХАНИЯТ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Бүгін – Дүниежүзілік фольклор күні. 1846 жылы 22 тамызда британ ғалымы Уильям Томс folk-loge терминін тұңғыш рет ғылыми қолданысқа қосқан. Содан бері дәл осы дата әлемде халық шығармашылығын ұлықтайтын атаулы күнге айналды. Қазақтың ғасырлар бойы қордаланған ауыз әдебиеті де ешкімнен кем емес. «Оқуға сенген – ұмытшақ, жазуға сенген – жаңылшақ» дейтін көшпелілер ақпаратты жазып қалдырғанша санада сақтауды жөн көрген. Ондаған жыр-дастан, жүздеген аңыз-ертегі, мыңдаған мақал-мәтелді, арғы-бергі ақын-жыраулар мұрасын жатқа айтқан ата-бабамыз ұлан-ғайыр кітапханаларды жадына тоқыған. Түсінген адамға қазақ фольклоры – шет-шегі жоқ ұшан дария. Тереңіне сүңгіп, түбіне үңілген сайын жаңа қырынан жарқырайды.

А **Еркебұлан**
НҰРЕКЕШ

Ой асылын сүзіп, сөз маржанын тізіп, Асан кайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Абайларды туғызған халқымыз қылыш қимайтын күрмеуді тілмен шешкен. Тұра сөзді бала айтты ма, шал айтты ма, хан айтты ма, қара айтты ма – қазақ оны тергеп-тексермей, уәжде жығылатын. Сертке сеніп өскен жұртымыз қағаздасып, хаттасып отырмай-ақ, бүкіл шаруасын бір ауыз лепеспен тындыратын. Жердің дауын да, ердің құнын да қисынды, жүйелі кесіммен қайыратын. Қазақ тарихы арнайы жылнамаға тіркеліп, шаң басқан архивтерде қатталмаса да, ғасырларды көктей өтіп, ауызекі түрде ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан, оның ішінде аңыз, ертегі, қисса, толғау, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақтың өн бойында өрілген. Осы орайда ағылшын жазушысы Джеймс Черчвард көшпелілер хақында «кітап-адамдар» теориясын ұсыныпты. Автор бұл тұжырымда номаттардың ауызша дәстүрін жай ғана өнер емес, деректерді кодтаудың кешенді жүйесі деп қарастырады. Зерттеушінің пікірінше, даладағы жылжымалы кітапхана секілді жекелеген тұлғалар ақпараттық банк қызметін атқарған. Жар астынан жау шыға келетін қым-қуыт заманда көшпелілер дүние-мүлікке байланған жоқ. Жиған-тергенінен бір-ақ күнде айырылуы мүмкін екенін түйсініп (тып-типыл жойылған Александрия, Бағдат, Отырар кітапханаларын еске түсірейік), қашанда камданып жүрген. Сондықтан мәдени, өркени жетістіктерін ең сенімді қоймада – миында ұстаған.

Қазақтың есте сақтау қабілетіне ерекше тоқталған Шоқан Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» еңбегінде: «Байтақ даланың әр шалғайындағы өлең-жырлар еш өзгеріссіз қайталанатынын қайтерсіз! Көшпелі сауатсыз ортадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны – адам айтса нанғысыз қасиет, бірақ күмәнсіз шындық!» – деп таңдай қағыпты. Ал Мәшһүр Жүсіп бабамыз: «Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпақұлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат,



КЕУДЕСІ ХАТ, естігені ЖАД болған

естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауызға алып айтуымен үлгі-өсиет қалдырған», – депті.

Жалпы, адам зердесі жоқтан өзгені сініре беретін жаны жоқ қағаз емес. Ол тек ақыл-ойдың інжу-маржанын іріктеп алып, табиғатына жат нәрсені есте қабылдамайды. Бейне бір теңіз сынды өз-өзін тазартып тұрады. Өзенмен ағып келген жапырақ-жаңқаны, кір-қоқысты толқынмен шайып, жағалауға шығарып тастайды. Өйткені ауызша мәдениетте жад дегеніміз – ақпаратты эстетикалық және идеологиялық жағынан өңдейтін когнитивті сүзгі. Яғни көркемдік қуаты жоғары, мазмұны бай, ырғағы мінсіз, қоғамға нақты пайдасы бар өміршең мәтіндер ғана өз уақытынан озады да, басқасы тез ұмытылады.

Фольклор тарихы тым ертеден тамыр тартады. Біртуар ғалым Едіге Тұрсыновтың сөзімен айтқанда: «ол әдебиеттен қырық мың жыл үлкен». Көшпелі қоғам тыңдаушысын тәтті қылмаған, табан астында тауып айтпаған өленді, майын тамызып айтпаған әңгімені өнер деп танымаған. Сол себепті Ұлы далада ауызша мәдениеттің классикалық дәрежеде дамуына даңғыл жол ашылған. Халықтың тарихи зердесі, философиялық ой-түйіндері, педагогикалық тәжірибесі, адамгершілік нормалары, көркемдік сұраныстары фольклорға жүктелген. Мысалы, «Судың да сұрауы бар» деген мақалды заманауи тілмен ресурстарды тиімді басқару кодексі десек, «Аяз би», «Тазша бала» ертегілерін әлеуметтік лифт, меритократия қағидаларын бекітетін индикатор деуге болады. Қазыбек

отырады. Ғалымдар бұл құбылысты «етене байланыс» деп сипаттайды. Жыршы аудиторияның көңіл-күйін бірден сезінеді. Тыңдаушының реакциясы жырдың созылуына, импровизациялық өрнектердің көбеюіне немесе азаюына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар тыңдаушы естігенін есте сақтаумен шектелмей, ғибратты сөзді іліп әкетіп, жетілдіріп, өңдеуге хақылы. Фольклордың өзіне ғана тән өзегі осында.

Британиялық әдебиетші Альберт Лорд: «Жазбаша мәдениет – ауызша мәдениеттің көрін қазушы», – деген тұжырым түйіпті. Зерделі зерттеуші ХХ ғасырдың 30-шы жылдары Шығыс Еуропа елдерін аралап, атақты жыршылардың көзін көрген, жырлау техникасын, дауыс ырғағын, мақам-мәнерін бақылаған, олармен адам жалының құпиясы жайында сұхбат құрған. Лорд мырза көне эпостарды жаңғыртып, кофеханада нәпакасын айырып жүрген балқандық жыршы Авдо Меджедовичтің 12 мың жолдық репертуарына тамсанып, оны ұлы Гомерге теңейді. Осыны ойлағанда «бұл ғалым 150 мың жолдан тұратын «Қырымның қырық батырын» алты ай жырлап тауыса алмаған қазақтың Мұрын жырауымен кездессе, қалай таңғалар еді?» деген сұрақ туады.

Фольклор – қазақ әдебиетінің, қазақ мәдениетінің алтын дінгегі, кайнар көзі. Мұхтар Әуезов өзінің Абай туралы монографиясында: «Кемеңгер ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті», – деп жазған. Иә, ұлы ойшылдың өзіне дейінгі күллі сөз байлығын саралағаны күмәнсіз. Ары қарай тағы Әуезовтің сөзімен жалғасақ: «Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс сияқты сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ,



Мәшһүр Жүсіп бабамыз: «Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпақұлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауызға алып айтуымен үлгі-өсиет қалдырған», – депті.

өзіне тән артықшылығы көп. Кемшілігі де баршылық. Біріншіден, жазбаша мәдениеттің тұтынушысы сауатты болуға міндетті. Хат танымайтын қараңғы адамға жол жабық. Екіншіден, автор ана жақта, оқырман мына жақта, екеуінің арасын орасан кеңістік, кейде ұзақ уақыт бөліп жатады. Былайша айтқанда, автор мен оқырман өз беттерімен өмір сүреді. Философиялық тұрғыда ол екеуінің қарым-қатынасы «өгей байланыс» деп аталады. Ауызша мәдениеттің жөні бөлек. Мұнда жыршы мен тыңдаушы бетбе-бет диалогасып

жолаушылардан көп есітеді. Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзінде оларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру – шешендерге көп жайылған әдет еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт білген өнерін орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен болып көріне бастайды», – депті жазушы. Әйгілі Максим Горькийдің қаламгер қауымға: «Ауыз әдебиетінің тіл байлығын пайдаланындар, одан үйреніндер», – деп ақыл қосатыны да содан.

Жат жұрттың қабағына жалтақтап, жарым көңіл, жарты құрсақ күн кешкен қилы кезеңде қаншама қазынадан айырылды, қаншама ділмардың жауһар мұрасы құмға сіңген судай жоғалып кетті. Дегенмен аман қалған жұқана-жұрнақтың өзі оңай олжа емес.

2014 жылы «Бабалар сөзі» жүз томдық жинағының тұсауы кесілді. Сарғайып көнерген, жырымдалып жыртылған қолжазбаларды шұқшынып оқып, араб, латын қарпіндегі мәтіндерді кирилл жазуына қотарған ғалымдардың жанкешті еңбегі ақталды. Нәтижесінде, эпостық жырлардың 63 томы жарық көрді. Оның 10 томы – Қытай қазақтарының фольклоры. Бұл топтамаларда 52 хикаялық, 65 діни, 57 ғашықтық дастан, 95 тарихи, 47 шежірелік, 4 топонимдік, 103 батырлық, 10 аңыздық жыр қамтылды. Кейінгі томдар қазақ фольклорының шағын жанрларына арналды. Атап айтқанда, 64-томға – 2 279 жұмбақ, 65-69-томдарға – 27 577 мақал-мәтел, 70-71-томдарға – 6 771 шумак қара өлең, 72-77-томдарға – 531 ертегі, 78-томға – 77 миф, 79-томға – Моңғолия қазақтарының фольклоры, 80-88-томдарға – 370 топонимдік, 320 шежірелік, 356 күй, 612 тарихи аңыз кірді.

Дүние дидарында фольклорын мұндай көлемде жинап бастырған ел жоқтың қасы. Бірлі-жарым мысалдарды тізбелесек, әртүрлі тілден құралған Қытайдың 300 томдық халық әдебиеті жинағы, Ирландияның 1 000-нан астам қолжазба томынан тұратын ұлттық архиві, Тибеттің 332 томдық «Ганжур» мен «Данжур» канондары, Финляндияның 33 томдық SKVR поэтикалық жинағы ғана ойға оралады. «Бабалар сөзінің» тағы бір артықшылығы – мәтіндердің артық өңдеуге ұшырамай, фонограммалық немесе қолжазбалық түніпұсқаларға мейлінше сәйкес басылуында. Осының арқасында тілдің тарихи лексиконы, диалектологиялық қатпарлары сақталды. Жүз томнан қазақ халқының тарихи пайымын, әдет-ғұрпын, дүниетанымын, философиялық, көркемдік көзқарасын, қысқасы, кешегі ұлт өмірінің жалпы болмысын, тұтас көрінісін анық аңғарамыз. Көпкөсір мұра тарихшыларға, психологтарға, қоғамтанушыларға, мәдениеттанушыларға, әдебиетшілерге, журналистерге, тілші-ғалымдарға, этнографтарға ауадай қажет.

Қазақ халқы өзінің тарихи жадын ХХ ғасырдың жуан ортасына дейін көмескілей қойған жоқ. Көнекөздердің көкірегінде сайраған ескі де есті сөздер қоғамның рухани сұранысын өз деңгейінде өтеді. Бірақ бұрынғы көрікұлақ қарияларды қазір кеңестік идеология құрсауында тәрбиеленген ұрпақ алмастырды. Қызыл империя кезінде дәстүр сабақтастығы тәрк етілді. Ауыз әдебиеті «ескіліктің зиянды қалдығы» ретінде шеттетілді. Сөйтіп, өз тарихы туралы халықтың өзі айтатын небір құнды мәлімет, дәстүрлі таным үлгілері ұмытыла бастады. Алайда бүгінгі медиа аудио-визуалды жолға бет бұрған. Технологиялық өзгеріс ауызша тілдің де көсегесін көгертуге тиіс. Ендігі жерде қазақ фольклорын цифрландырып, креативті экономикаға (кинематография, компьютерлік ойындар, анимация, этно-музыка) бағдарлау керек. Сөзімізді режиссер Питер Бруктың болжамымен түйіндесек: «Адамзат ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір түсінеді: әлемнің болашағы – ауызша мәдениетте».

ДАУА

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Кейінгі кезде кірпі етінің сорпасын ем деп жарнамалайтындар көбейген. Жақында әнші, «Жігіттер» квартетінің мүшесі Айдар Тұрғамбектің әлеуметтік желіде жариялаған видеосы жұрттың наразылығын тудырды. Желіде тараған кадрларда өнер иесі кірпіден сорпа қайнатып, кейін камера алдында дәмін татып көреді әрі сорпаның денсаулыққа пайдалы екенін, әсіресе асқазанға шипа екенін айтады. Кірпі еті расымен де пайдалы ма? Бұған нақты ғылыми дәлелдер бар ма?

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Адал мен арамның аражігін ажыратып қана ас жейтін халқымыз кейінгі кездері жалған ақпарат пен жарнаманың құрбанына айналып, нені ем десе, соны алатыны өтірік емес. Небір шөп, биологиялық қоспаны былай қойғанда, жабайы жануардың етін де пайдалы деп сенетіндер бар. Бұл жағдайлар бұрын да болған. Мысалы, COVID-19 пандемиясы кезінде де кірпі еті ем деп саудалағандар көп. Халық соған сеніп, кірпі етінен дайындалған 1 литр сорпаны кемі 15 мың теңгеге сатып алған еді. Халық арасында кірпі еті өкпені, асқазан жарасын емдейді, инфекцияны жояды, иммунитетті күшейтеді деген сенім бар. Қанын ыстықтай бетке жақса, сепкіл мен кара дақты кетіреді дейді, алайда мамандар кірпі етінің ем екеніне күмәнмен қарайды. Керісінше, кірпі адамға энцефалит, пироплазмоз, туляремия сынды қауіпті ауру жұқтыруы мүмкін. Жабайы кірпінің еті мен қанын азыққа пайдалану ауыр инфекциялар мен зоонозды (малда және адамда кездесетін жұқпалы аурулар) дерттерді тудырады. Коронавирустың Қытайда жарқанат жеуден басталғанын еске алсақ, кірпінің еті де ауыр кеселдердің пайда болуына әкелуі ғажап емес. Сол себепті халықаралық денсаулық сақтау ұйымдары да кірпі етін жеуді адасу әрі денсаулыққа үлкен қауіп деп ескертеді.

Тағы бір ескеретін жайт, миллиондаған оқырманы бар танымал адамдардың «кірпі еті ем» деп видео жариялауы өзге адамдарды, әсіресе ауыл тұрғындарының жабайы жануарларды жаппай аулауына итермелейді. Оның үстіне 2022 жылы елімізде жануарларға қатыгездік жасау бойынша заңнама күшейтілді. Жануарды өлтіру, жаралау немесе оны әлеуметтік желіде на-

сихаттау, видеоға түсіріп тарату үшін айыппұл салудан бастап түзеу жұмыстарына немесе қамауға алуға дейінгі қылмыстық жауапкершілікті қарастырылады. Табиғаттағы кірпіні рұқсатсыз аулап, жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін. Бұл енді бөлек әңгіме.

Саламатты өмір салты орталығының басшысы Шахрух Нажимовқа хабарласқан едік. Оның айтуынша, кірпі етіне тән арнайы емдік әсерді дәлелдеген клиникалық зерттеу жоқ.

— Кірпі етінің қауіпсіз дозасы, стандартталған құрамы және белгілі бір ауруға әсер ету меха-

йындаған емді алмастырмайды. Туберкулезді де емдемейді, керісінше, халықтық тәсілдің емді кешіктіріп, ауруды асқындыру қаупі жоғары. Асқазан жарасына да ем бола алмайды, иммунитетті күшейтеді деуге де еш дәлел жоқ. Маман халық кірпі етін нәліктен пайдалы деп ойлайтынын түсіндіріп берді.

— Кірпі етін жекелеген өңірлерде пайдаланғаны туралы деректер бар, бірақ оны бүкіл қазақ халқына ортақ, кең тараған ем дәстүрі деу дұрыс емес. Қазақстанның оңтүстігінде кірпі етін «өкпеге ем» деп іздеген адамдар туралы БАҚ-та жарияланған материалдар кездеседі. Бұл деректер тәжірибенің болғанын көрсетеді.

КІРПІ ЕТІ

кеселден ҚОРҒАЙ МА?



ХАЛЫҚ НӘЛІКТЕН СЕНЕДІ?

Қазақтың және Орталық Азия елдерінің халықтық медицинасында да кірпі етінің ем екеніне қатысты сенім болған. Жұрт нәліктен кірпі етін ежелден пайдалы деп ойлайды? Бұған бір түркі болған жайт — «Кірпі етінде адам ағзасындағы қатерлі өскінді жоятын қасиет бар» деген Ибн Синаның болжамы. Алайда ғалым жабайы кірпінің етін меңземен еді, емге негізінен шипалы өсімдіктермен қоректенген, арнайы өсірілген кірпілерді қолдануды ескерткен. Сонымен қатар кірпі майын, етін ем ретінде қолданудың ерекше тәсілін ұсынған, кірпі тікеніндегі ұды залалсыздандырудың да жолы болған екен. Сонда ғана денсаулыққа оң әсері тиюі мүмкін, оның өзінде кірпі етін дұрыс қайнатпағандар сары безгек, сальмонеллез ауруы тараған оқиғалар жиі кездескен. Кірпі етінің пайдасы бар-жоғына нақты көз жеткізу үшін Астана медицина университеті базасындағы академик Е.Даленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының



Небір шөп, биологиялық қоспаны былай қойғанда, жабайы жануардың етін де пайдалы деп сенетіндер бар.

низмі де белгіленбеген. Тағам ретінде кез келген сүтқоректі еті сияқты ақуыз, май және кейбір микроэлементтер беруі ықтимал, алайда кірпі етіне ғана тән ерекше қоректік артықшылық дәлелденбеген. Ал кірпі сорпасына келер болсақ, жылы сұйықтық су мен энергия беріп, жайсыздықты уақытша жеңілдетуі мүмкін. Мұндай әсер кез келген сорпада бар және аурудың себебін емдемейді. Кірпі еті ақуыз бен энергия бере алады, бірақ кәдімгі етке ортақ қасиет және емдік артықшылық бола алмайды, — дейді орталық басшысы.

Шахрух мырзаның айтуынша, кірпі етінің өкпе, бронхит пен астманы емдеуде пайдасы жөнінде дәлел жоқ. Кірпі еті тыныс жолдарының қабынуын емдемейді және дәрігер таға-

дай, алайда оның тиімділігін дәлелдемейді. Халық ата-баба тәжірибесіне сенеді, әсіресе Ибн Синаның болжамына сілтеме кейде ғылыми тексеруден де жоғары қойылады. Сонымен қатар ел түсінігінде кірпінің қыстан аман шығуы, жыланнан мықтылығы, табиғатта бейімділігіне қарап, оның күші адамға өтеді деген наным бар, — дейді ол.

Оның айтуынша, кейде жеңіл вирустық инфекция бірнеше күнде өздігінен басылса да, адамдар сол уақытта ішкен сорпаның әсері деп ойлайды. XVI ғасырдағы «Дәстүр әл-илаж» («Емдеу дәстүрі») медициналық трактатында дала медицинасында жануар мүшелерін қолдану, соның ішінде кірпінің өті туралы жазылған. Орталық Азиядағы этнографиялық жаз-

баларда қырғыздар мен өзбектердің кірпі сорпасын өкпе, асқазан, бедеулік және басқа ауруларға қолданғаны сипатталған екен, алайда бұл еттің тиімділігіне клиникалық дәлел емес.

КІРПІ ЕТІНІҢ ҚАУПІ


Кірпі сырт көзге бір қарағанда, сау көрінгенімен, сальмонелла бактериясын тасымалдауы мүмкін. Мұндайда адамда іш өту, құсу, қызба, іштің ауруы, ауыр жағдайда сепсис туындауы мүмкін. Шахрух Нажимовтың ескертуінше, trichinella дернәсілдері (трихинеллез ауруын тудыратын өте ұсақ жұмыр құрттар) кей жабайы сүтқоректілердің, соның ішінде кірпілердің бұлшықетінде кездесуі мүмкін. Аурудың белгілеріне қызба, бұлшықет ауыруы, бет пен қабақтың ісінуі жатады және ауыр жағдайда жүрек немесе жүйке жүйесі зақымданады. Кірпіні ұстау және сою кезінде дерматофиттерді, soxiella, мусобактерия және басқа қоздырғыштарды тасымалдауы мүмкін, тіпті үстіндегі кенелер де қауіп тудырады. Қауіпті қоздырғыштар асүйдегі өзге де құралдарға, пышақ, тақтай, басқа тағамдарға да жұғуы мүмкін. Ең қауіптісі, астма, туберкулез, пневмония немесе асқазан жарасын халықтық тәсілмен емдеуге тырысамын деп, тиімді емді кешіктіріп алып, өкініп қалып жүрменіз. Әсіресе асқазан жарасы бар адамның иммунитеті мен асқазанның қорғаныс жүйесі әлсіз болғандықтан, бактериялар ағзаға тез тарап, ауыр токсикалық шок тудырады. Кірпілер табиғатта улы жәндіктерді, саңырауқұлақтарды, тіпті жыландарды жей береді. Олардың ағзасында жиналған токсиндер қайнатқанда сорпаға шығады. Қабынған асқазан мұндай улы заттарды тез сіңіріп алады. Улы сорпа ішкенде, ауыр құсу мен диарея басталып, асқазан жарасы бар науқас ағзаның сусыздануынан есінен тануы да мүмкін.

Кірпі етін мұздату, тұздау, кептіру немесе қақтау жабайы еттегі trichinella дернәсілдерін сенімді түрде жоймайды. Толық пісіру кей қауіпті азайтқанымен, ұстау мен сою кезінде қоздырғыштар бәрібір жұғып кетеді, ал ветеринариялық тексерусіз келген етті тұтыну өміріңіз үшін қатерге барумен бірдей. Кірпі етін жегеннен немесе ұстағандан кейін іш өту, құсу, қызба, қатты бұлшықет ауыруы, бөртпе не бет-қабақ ісінуі байқалса, тез арада дәрігерге барып, медициналық көмек алу қажет. Қысқасын айтқанда, ауруды халықтық тәсілмен алмастырмай, диагноз бен емді медицина маманымен бірге тандаған дұрыс.

ӘЛЕУЕТ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Сыр даласының төрінде адамзаттың ғарышқа алғаш қадам басуына жол ашқан «Байқоңыр» ғарыш айлағы жаңа даму кезеңіне бет бұрып келеді. Кешеннің тарихи миссиясы уақыт өткен сайын жаңа мазмұнмен толығып, заманауи технология, жаңа өндіріс және халықаралық ынтымақтастық тоғысқан стратегиялық алаңға айналу мүмкіндігін алып отыр. Бұл ретте «Бәйтерек» ғарыштық-зымыран кешені жобасының маңызы айрықша.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Байқоңырдың ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

«Байқоңыр» десе, ең алдымен адамзаттың ғарышқа алғаш ұшуы, тұңғыш жасанды жер серігінің орбитаға шығарылуы еске түседі. Ғарыш тарихындағы осындай айтулы оқиғалар бұл кешеннің әлемдік маңызын айқындап берді. Алайда соңғы жиырма жылда ғарыш индустриясы түбегейлі өзгерді. Коммерциялық ғарыш қызметтері дамып, жерсеріктерді ұшыруға сұраныс артты. Жаңа технологиялар пайда болып, көптеген мемлекет өз ғарыш инфрақұрылымын қалыптастырды.

Осының барлығы «Байқоңырдың» бәсекеге қабілеттілігін сақтап, оның мүмкіндігін жаңа талаптарға бейімдеуді қажет етеді.

БАЙҚОҢЫРДЫҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН ЖОБА

Осы тұрғыдан алғанда, «Бәйтерек» ғарыштық-зымыран кешені Қазақстанның ғарыш саласындағы ең маңызды стратегиялық жобаларының бірі саналады. Өйткені оның мәні жаңа техникалық нысан салумен өлшенбейді. Жоба «Байқоңырдың» технологиялық мүмкіндігін жаңғыртып қана қоймай, халықаралық ғарыш инфрақұрылымындағы орнын сақтауға және нығайтуға бағытталған ұзақмерзімді бастама ретінде бағаланып отыр.

Биыл 30 сәуірде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан жаңа буындағы «Союз-5» («Сұңқар») зымыран-тасығышының алғашқы сынақ ұшырылымының жүзеге асуы осы бағыттағы маңызды кезең болды. Бұл «Бәйтерек» жобасының практикалық тұрғыдан іске аса бастағанын көрсететін елеулі оқиға десек, қателеспейміз.

Қазақстан мен Ресей арасындағы үкіметаралық келісім негізінде жүзеге асырылып жатқан аталмыш жоба аясында екі тараптың міндеттері де айқындалған. Атап айтқанда, Қазақстан тарапы ұшыру кешенінің жерүсті инфрақұрылымын жаңғыртуға және қажетті технологиялық жүйелерді қалыптастыруға жауап берсе, Ресей жаңа буындағы «Союз-5» зымыран-тасығышын әзірлеу міндетін атқарады.

Жобаның тағы бір маңызды Жартықшылығы, экологиялық талаптардың ескерілуі жоғары мәнге ие. Себебі жуырда ұшырылған жаңа буындағы зымыран-тасығыштың отын жүйесі бұрын қолданылған кейбір ауыр зымырандармен салыстырғанда қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бұл «Байқоңырдың» ғарыштық қызметін заманауи экологиялық талаптарға сәйкестендіру тұрғысынан да маңызды рөл атқарады.



Өз кезегінде «Бәйтерек» жобасының мән-маңызы мен алдағы міндеттері жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі өкілдігінен сұрап білдік.

Өкілдіктің мәліметіне сәйкес, «Бәйтерек» ғарыштық-зымыран кешенінің Қазақстан үшін стратегиялық маңызы зор. Яғни бірегей жоба арқылы ғарыш айлағының техникалық мүмкіндіктерін жаңғыртып қана қоймай, оның әлемдік ғарыш инфрақұрылымындағы орнын сақтап, одан әрі нығайтуға мүмкіндік мол. Әсіресе осы арқылы Қазақстан мен Ресей арасындағы ғарыш саласындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтерілгенін алға тартады.

Осы ретте «Бәйтерек» кешенінің іске қосылуы «Байқоңырдың» технологиялық әлеуетін арттырып, заманауи зымыран-тасығыштарды ұшыруға қажетті инфрақұрылымды қалыптастыруға жол ашатынын мәлімдеп отыр. Сондықтан жобаның жүзеге асуы Байқоңыр қаласының экономикалық және әлеуметтік дамуына да жаңа мүмкіндіктер беретініне сенім нық.

Жалпы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауының арқасында жүзеге асып жатқан «Бәйтерек» жобасы Қазақстанның ғарыш саласындағы әлеуетін күшейтетін маңызды бастама ретінде жоғары мәнге ие. Алдағы уақытта кешеннің толық-



Биыл 30 сәуірде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан жаңа буындағы «Союз-5» («Сұңқар») зымыран-тасығышының алғашқы сынақ ұшырылымының жүзеге асуы осы бағыттағы маңызды кезең болды. Бұл – «Бәйтерек» жобасының практикалық тұрғыдан іске аса бастағанын көрсететін елеулі оқиға десек қателеспейміз.

қанды іске қосылуы ғарыш қақпасының жаңа даму кезеңіне жол ашып, өңірдің инвестициялық және технологиялық мүмкіндіктерін арттыруға серпін береріне сенім зор.

ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНА ЖАҢА СЕРПІН

Әлемдік ғарыш индустриясының қарқынды дамуы ғарыш аймақтарының экономикалық маңызын да арттырып отыр.



Бүгінде жерсеріктік байланыс, интернет, климаттық мониторинг, ауыл шаруашылығы, геология, навигация және басқа да көптеген салалар ғарыштық технологияларға тәуелді бола бастады. Демек, Байқоңырдың келешегі тек зымыран ұшыру көрсеткіштерімен өлшенбейді деген пікір қалыптасып келеді. Есесіне, экономикалық белсенділікті арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті кадрларды даярлау және сервистік секторды дамыту тұрғысынан да маңызды рөл атқаруы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, «Бәйтерек» жобасының Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына берер мүмкіндігі мол.

«Бүгінде жоба аясында жергілікті халық арасынан 300-ге жуық азамат жұмыспен қамтылып отыр. Сонымен қатар жоғары білікті мамандарды даярлау жұмыстары жүргізіліп, жергілікті кадрлардың кәсіби құзыреттерін арттыруға жағдай жасалуда. Жобаның маңызы тек зымыран ұшырумен шектелмейді. «Бәйтерек» – Байқоңырдың ұзақмерзімді даму перспективаларымен тікелей байланысты стратегиялық жоба. Оның іске асырылуы қаланың инженерлік, энергетикалық, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымын одан әрі дамытуға жаңа мүмкіндік береді. Өйткені заманауи ғарыш айлағының тиімді жұмыс істеуі үшін оның инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы да заманауи талаптарға сай болуы қажет. Осы бағытта облыс әкімдігі тарапынан Байқоңыр қаласының коммуналдық және энергетикалық жүйелерін кезең-кезеңімен жаңғырту мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп отыр. Жалпы, «Бәйтерек» жобасы Байқоңыр үшін жаңа даму кезеңінің басталуына негіз болады деп есептейміз. Ол ғарыш айлағының техникалық мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті кадрлардың әлеуетін арттыруға, ғылыми-техникалық ортаны дамытуға

және экологиялық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді. Байқоңыр – Қазақстанның ғана емес, бүкіләлемдік ғарыш саласының тарихында өзіндік орны бар бірегей қала. Сондықтан оның тарихи маңызын сақтай отырып, заманауи технологиялар, экологиялық қауіпсіздік және тұрақты инфрақұрылым негізінде жаңа даму кезеңіне шығаруды мақсат тұтамыз», – дейді бұл жөнінде Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Президенттің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай.

Қазір жоба аясында жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік артқан. Сонымен қатар инженерия, автоматтандыру, электр энергетикасы, ақпараттық технологиялар, бағдарламалау және техникалық қызмет көрсету бағыттарында білікті мамандарға сұраныс ұлғая түскен. Бұл өз кезегінде өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де жаңа талаптар қойып отыр.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Негізінен, «Бәйтерек» кешені арқылы ғарыш айлағының жұмысы жанданып, Байқоңырға келетін мамандар мен мамандандырылған қызметтердің көлемі де артады деп күтіледі. Бұл бірінші кезекте қаладағы сервистік инфрақұрылымға деген сұранысты күшейтетін болады. Сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлер үшін жаңа нарық қалыптастыра алады деген пікір бар.

Будан бөлек, «Байқоңырдың» тарихи және ғарыштық әлеуеті туризм бағытында да жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны айтылады. Сонымен қатар кешеннің экономикалық және экологиялық тиімділігі де жоғары бағаланып отыр.

«Жалпы, «Бәйтерек» жобасы кешеннен ұшырылатын «Союз-5» («Сұңқар») зымыран-тасығышының отын жүйесінің бұрынғы зымыран-тасығыштарға қарағанда экологиялық қауіпсіздігі жоғары болуымен ерекшеленеді. Сондықтан «Бәйтерек» жобасының іске асырылуы «Байқоңырдағы» ғарыштық ұшырулардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру бағытындағы маңызды қадам деп санаймыз. Бұл, әсіресе Байқоңыр қаласы мен оған жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары үшін айрықша маңызды. Ал экономикалық тұрғыдан алып қарасак, жоба Байқоңырдың даму мүмкіндіктерін кеңейтеді. Оның жүзеге асуы жаңа жұмыс орындарын ашуға, инженерлік-техникалық мамандарды даярлауға, заманауи технологияларды енгізуге және ғарыш саласына қатысты жаңа өндірістік әрі сервистік бағыттардың қалыптасуына мүмкіндік ашады. Сондықтан «Бәйтерек» Байқоңырдың жоғары технологиялар мен инновациялар шоғырланған орталық ретінде дамуына жаңа серпін береді деп айтуға болады», – деді Қайрат Ырзақұлұлы.

Жалпы, «Бәйтерек» жобасын бір ғана зымыран ұшыру кешені ретінде қабылдау жеткіліксіз. Яғни бұл стратегиялық жоба Байқоңырдың технологиялық әлеуетін жаңғыртуға, өңір экономикасына инвестиция тартуға, жергілікті кадрлардың біліктілігін арттыруға және жаңа кәсіпкерлік бағыттарды қалыптастыруға мүмкіндік береді деп жоспарланған.

Осы тұрғыдан алғанда «Бәйтерек» жобасы Байқоңырдың жаңа тынысын ашатын маңызды қадам ретінде жоғары маңызға ие.

ДАМУ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



Сарыөлең ауылдық округі Күршім ауданының орталығынан 15 шақырым жерде орналасқан. Округке Сарыөлең, Барақ батыр және Бірлік ауылдары кіреді. Қазір мұнда 1681 адам, 429 отбасы тұрып жатыр. Негізгі мақсат – ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып, елді мекендерді таза, жайлы әрі келешегі бар үлгілі ауылдарға айналдыру.

САРЫӨЛЕҢДЕГІ СЕРПІН: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН ЖАЙЛЫ ОРТА – ХАЛЫҚ ЕНШІСІ

Ауыл шаруашылығы – округ экономикасының негізгі тірегі. 2026 жылдың басындағы есеп бойынша мұнда 5000 ірі қара, 12014 ұсақ мал, 3379 жылқы бар. Жайылым мәселесі тұрақты бақылауда. Биыл жазғы жайылымға 2 табын жылқы, 5 табын ұсақ мал және 7 табын ірі қара шығарылды. Алдағы міндет – жайылымды тиімді пайдаланып, мал басының өсуіне байланысты қосымша жайылым жерлерін қарастырып, ауыл тұрғындарына қолайлы жағдай туғызу.

Әлеуметтік салада да жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Округте 1 жалпы орта және 2 негізгі орта мектепте 260 оқушы білім алады. Мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балалардың білім алуына, спортпен және шығармашылықпен айналысуына жағдай жасалған. Денсаулық сақтау саласында 7 маман қызмет көрсетеді, профилактикалық және вакцинациялау жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Ветпункт қызметкерлерінің басты мін-



кезінде пайдаланылатын спорттық ойын алаңдарын үнемі қардан тазалап, қыс мезгілдерінде де ауыл тұрғындарына жағдай жасалған.

Цифрландыру бағытында ауылдарға интернет тарту жұмыстары жүргізілуде. Әкімдік ғимаратында тұрғындарға электрондық мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алуға мүмкіндік беретін өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Алдағы уақытта цифрлық сауаттылықты арттырып, заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану маңызды. Әкімшілік мамандар практикалық көмек ретінде ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, көмек береді.

Қазір шешімін күткен мәселелер де бар. Сарыөлең ауылын таза ауызсумен қамтамасыз ету жобасы әзірленіп, сараптамадан өтті, енді қаржыландыру күтілуде. Ауылдың 8 көшесін орташа жөндеуге арналған жобалар дайын. Барақ батыр ауылындағы 6 көше киілісіне жарық орнату жобасының құны – 35 млн теңге. Сарыөлең тұрғындарын орталықтандырылған жылуға қосу мүмкіндігі де қарастырылуда.

Сарыөлең ауылының әкімі Серік Аксартов осы тұста өзінің басты қағидасы халыққа жақын болу екенін жеткізді.

– Мемлекеттік қызмет саласында 33 жыл еңбек етіп, ауылдың мәселесін, тұрғындардың мұң-мұқтажын жақсы білемін. Тұрғындармен тұрақты кездесіп, олардың ұсыныстары мен өтініштерін назарға алу – күнделікті жұмысымның негізгі бағыты. Алдағы мақсатым – халықтың сенімін ақтап, ауыл тұрғындарына қалалықтармен бірдей жағдай жасау. Инфрақұрылымды дамыту, жол, ауызсу, жылу, жайылым және жұмыспен қамту мәселелерін кезек-кезеңімен шешіп, Сарыөлең ауылдық округін таза, жайлы, көркейген және тұрақты дамитын ауылға айналдыру. Ауылдық округ тұрғындарының арасында татулықты сақтап, елмен бірге еңбек етіп, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін одан әрі нығайту – басты міндетім, – дейді С.Алтынбекұлы.

Қорыта айтқанда, Күршімге қарасты Сарыөлең өлкесінде атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Ең бастысы, әрбір игі іс халықтың қажетіне жарап, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

М.ТӨЛЕУ

«Таза Қазақстан» және «Жасыл ел» жобалары аясында сенбіліктер, көгалдандыру, саябақтар мен көшелерді тазалау жұмыстары тұрақты ұйымдастырылуда. «Жасыл ел» бағдарламасының екі кезеңінде 12 жас еңбекпен қамтылды. Қыс мезгілінде де тұрғындарға демалыс орындары жасалып, хоккей қораптары орнатылды.

деті – мал шаруашылығында. Төрт түлік малдардың саулығын, округтің эпизоотологиялық жағдайын басты назарда ұстайды.

АУЫЛДЫҢ КӨРКЕЮІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сарыөлеңде «Саят-Сұңғат» саябағына балалар ойын алаңы, баскетбол және волейбол алаңдары, жастар алаңы салынды. Ауылға кіреберістегі саябақ абаттандырылып, жарықтандырылды. Жамбыл көшесінің 2 шақырым жолына асфальт төселді. Көшелердегі ескі жарықтар заманауи, электр үнемдейтін шамдарға ауыстырылды. Су арналары мен арықтар тазаланып, шлюздер орнатылды.

Барақ батыр ауылында «Тәуелсіздік» саябағы абаттандырылып, балалар ойын және спорт алаңдары салынды. 10 шақырым су құбыры тартылып, таза ауызсу мәселесін шешуге мүмкіндік жасалды. Су тасқынының алдын алу үшін 440 метр дамба салынды. Бірлік ауылында 50 орындық мектеп пайдалануға беріліп, Жамбыл

және Б.Рыспаев көшелерінің 2652 метріне асфальт төселді. Ауылда су жүйесін жүргізу жұмыстары жалғасуда.

2022 жылдан бері «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы бойынша округте 17 тұрғын үй салынды. Үйлер негізінен көпбалалы отбасыларға берілді. 2026 жылы Сарыөлең және Барақ батыр ауылдарында тағы екі пәтерлі үйлер салу жоспарланған.

Инвестиция мен кәсіпкерлікті дамыту бағытында да жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылға 4-деңгейлі бюджетке 12,548 млн теңге салық түсімі жоспарланған. Жыл соңына дейін түсімді 40 млн теңгеге жеткізу көзделіп отыр. Ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке тарту, «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалану және ауылда жаңа жұмыс орындарын ашу – негізгі міндеттердің бірі. Инвестицияның түсімділігін көбейтіп, осы 4 бюджет қаражатын тиімді пайдалана отырып, ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша ауылдық округтің ішіне керек жобалар, ауылды абаттандыру жұмыстары атқарылмақ.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мал және егін шаруашылығын дамытуға жағдай жасалуда. Округте 7 азық-түлік дүкені жұмыс істейді. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін әлеуметтік маңызы бар тауарларға тұрақты мониторинг жүргізіледі. Аудан орталығында әр сенбі сайын ауыл шаруашылығы жәрменкесі өтіп, тұрғындар өз өнімдерін сатуға мүмкіндік алады.

«Таза Қазақстан» және «Жасыл ел» жобалары аясында сенбіліктер, көгалдандыру, саябақтар мен көшелерді тазалау жұмыстары тұрақты ұйымдастырылуда. «Жасыл ел» бағдарламасының екі кезеңінде 12 жас еңбекпен қамтылды. Қыс мезгілінде де тұрғындарға демалыс орындары жасалып, хоккей қораптары орнатылды. Осы жаз



ӨЛКЕ

22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Өңір экономикасында ОҢ ӨСІМ БАР

Түркістан облысында әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды көрсеткішінің бірі – халықты тұрақты жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында жыл басынан бері өңірде 60 мыңнан астам азамат жұмыспен қамту шараларына тартылып, оның 30 мыңнан астамы тұрақты жұмыс орындарына орналасты. Бұл – өңір тұрғындарының табысын арттыруға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың нақты нәтижесі.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Өңір экономикасын дамыту және жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруда өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы,

кәсіпкерлік, туризм және инфрақұрылым салаларына басымдық беріліп отыр. Инвестициялық жобаларды іске қосу, өндіріс орындарын кеңейту және жаңа кәсіпкерлік нысандарын ашу арқылы

еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді арттыру көзделген. Осы мақсатта өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында биыл 74 516 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Бұл көрсеткіш облыстың экономикалық белсенділігін арттырумен қатар тұрғындардың тұрақты табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жұмыспен қамту мәселесі Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтің төрағалығымен өткен жиында талқыланды. Басқосуда өңірлік жұмыспен қамту картасының орындалуы, халықты нәтижелі еңбекке тарту, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты үйлестіру, әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігі қаралды. Сонымен қатар азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына сапалы орналастыру, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру және



бюджет қаражатын мақсатты пайдалану мәселелеріне назар аударылды.

Басты міндет – еңбекке қабілетті азаматтарды тұрақты табыс әкелетін жұмыспен қамтамасыз ету арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру. Бұл бағыттағы жұмыстар жаңа өндірістерді іске қосу, инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау

және өңір экономикасының жаңа секторларын дамыту шараларымен сабақтастықта жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, жұмыс орындарының саны ғана емес, облыстың өндірістік әлеуетін, экономикалық белсенділігі мен тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мүмкіндіктер де кеңейе түседі.



Бүгінде Іле Алатауының етегінде орын тепкен Алматы шаһарын көрікті табиғаты айшықтап тұр. Десек те, қаланың таулы өңірде орналасуы тұрғындар үшін артықшылық қана емес, қауіп көзіне де айналған. Себебі мегаполисте және оған іргелес аумақта сел қауіпін төндіруі мүмкін 80 учаске бар. Қазір таулы аймақтар мамандардың ерекше бақылауына алынған.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Сарапшылардың болжамынша, қазір Алматыдағы гидрометеорологиялық жағдай тұрақты. Алайда барлық қауіпті учаске мен су нысандары табиғат сақшыларының назарына алынған. Олар жағдайдың құбылуына қарай мониторинг қарқыны күшейтіліп, қажетті алдын алу шаралары жедел түрде қабылданып отыр. Бұл туралы газетімізге «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық басқармасы Мониторинг және құлақтандыру бөлімінің басшысы Айдана Дайырбаева айтып берді.

— Биыл Алматы қаласы мен оған іргелес таулы аумақтардағы сел жағдайы көпжылдық орташа көрсеткіштер шегінде қалыптасып отыр. Дегенмен шілде айының басында ауа температурасының

жоғарылауы, қар мен мұздықтардың қарқынды еруі және кейіннен жауын-шашынның түсуі жағдайды біршама күрделендірді. Соның салдарынан шілде айының алғашқы онкүндігінде Алматы қаласы мен Алматы облысының аумағындағы бірқатар өзенде су деңгейі мен су шығынының жоғарылауы байқалды, — деді ол.

Тұрғындар мен туристер үшін сақтықты қажет ететін негізгі кезең — маусым, шілде және тамыз айлары. Бірақ сел қауіпін тек белгілі бір айлармен шектеу мүмкін емес. Айдана Дайырбаева мұны табиғи құбылыстың жыл сайын әр қалай қалыптасуымен байланыстырды.

— Алматының таулы аумақтарында сел қауіпін қар мен мұздықтардың белсенді еруіне, сондай-ақ мореналық көлдердің сумен толу кезеңіне байланысты қалыптасады. Осыған байланысты қауіпті кезең шартты түрде

СЕЛ ҚАУПІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

мамыр айының екінші жартысынан 15 қыркүйекке дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезең ішінде қауіп деңгейі ауа райы жағдайына қарай өзгеріп отырады. Әсіресе ауа температурасы жоғары болғанда, қар мен мұздықтардың еруі күшейгенде және нөсерлі жауын-шашын түскен уақытта сел қауіпін артады. Сондықтан таулы аймақтарға шығатын азаматтарға ауа райы болжамы мен ресми ескертулерге назар аударып,

басты қауіпті аудандарды атады.

— Алматы қаласының аумағында сел қауіпін негізінен қаланың таулы және тау бөктеріндегі аудандарды қамтиды. Дәлірек айтсақ, Медеу, Бостандық және Наурызбай аудандарының таулы учаскелері қазір ерекше бақылауда. Бұл аумақтарда өзен арналарының, сел қауіпін бар учаскелердің, гидротехникалық және селден қорғау құрылыстарының

жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіледі, — деді А.Дайырбаева.

Одан өзге жауаптылар сел қауіпін сейілту үшін мореналық көлдерде алдын алу жұмысы жүргізілетінін атап өтті. Мекеме қызметкерлерінің сөзінше, бұл жұмыс барысындағы ең күрделі міндеттердің бірі. Биыл осындай 6 көлде кешенді инженерлік-профилактикалық шаралар қарастырылған. Оның қатарына Ақсай бассейніндегі №8, №9, №10 көлдері, Кіші Алматы бассейніндегі №6 көлі және Үлкен Алматы бассейніндегі №10, №13-бис көлдері кіреді.

«Қазселденқорғау» ММ өкілдерінің мәліметінше, қазіргі кезеңде сел қауіпін бар учаскелерге тәулік бойы 20 бақылау бекетінен мониторинг жүргізіледі. Осыған сәйкес, олар өзендердегі су деңгейі мен су шығынын, ауа райы жағдайын, жауын-шашын мөлшерін, қар мен мұздықтардың еру қарқыны мен таулы аумақтардағы жалпы гидрологиялық жағдайды қадағалап отырғанын жеткізді. Бақылау кезінде автоматтандырылған мониторинг жүйелері пайдаланылады.



белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауды ұсынамыз, — деді маман.

Шаһарда сел қауіпін бар учаскелердің паспорты жыл сайын жаңартылып отырады. Мамандардың сөзінше, табиғи жағдайлардың өзгеруіне байланысты нақтылау жұмысы қоса жүргізіледі. Ресми дерекке сәйкес, бүгінде Алматы қаласы мен оған іргелес аумақтарда 80 сел қауіпін бар учаске анықталған. Аталған учаскелер Ақсай, Қарғалы, Үлкен Алматы және Кіші Алматы өзендерінің алаптарында шоғырланған. Осы ретте Айдана Дайырбаева ерекше бақылауға алынған



ТҰРҒЫНДАР САУЛЫҒЫНА СЕПТЕСЕДІ

Алматы облысының Кеген ауданына қарасты Талды және Жайдақбұлақ ауылында тұрғындардың игіліне жарайтын медициналық нысандар бой көтерді.

Алдымен Талды ауылында тұрғындарға сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін жаңа медициналық пункт пайдалануға берілгенін айта кетейік. Жаңа нысанның ашылу салтанатына Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, мекеме және ұйым басшылары, ауыл ақсақалдары мен ардагерлер, аналар кеңесінің өкілдері, жастар, еріктілер және ауыл тұрғындары қатысты.

Медициналық пункттің ашылуы — Мемлекет басшысының халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру бағытындағы маңызды қадам.

Заманауи талаптарға сай салынған медициналық пунктте тұрғындарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көр-

сетіліп, профилактикалық тексерулер жүргізіледі. Сондай-ақ аурулардың алдын алу, ана мен бала денсаулығын қорғау және шұғыл медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік бар.

Жаңа нысанның іске қосылуы Талды ауылы тұрғындарының медициналық қызмет алу үшін алыс қашыққа қатынау қажеттілігін азайтып, медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға жол ашады.

Салтанатты шара барысында жаңа медициналық пункттің лентасы қиылып, құттықтау сөздер айтылды. Шара аудандық көркемөнерпаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасты. Талды ауылындағы жаңа медициналық пункт — ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтауға және медициналық көмекті халыққа барынша жақындатуға бағытталған маңызды әлеуметтік нысан.

Жайдақбұлақ ауылында да тұрғындарға алғашқы медициналық-санитарлық көмекті қол-



жетімді ету мақсатында жаңа медициналық пункт ашылды. Медициналық нысанның ашылу салтанаты 2026 жылғы 19 тамызда өтті. Бұл салтанатты шараға да Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, басқарма, мекеме және ұйым басшылары, ауданның ақсақалдары мен ардагерлері, аналар кеңесінің өкілдері, жастар, еріктілер және ауыл тұрғындары қатысты.

Бұған дейін медициналық қызмет алу үшін алыс қашыққа

қатынауға мәжбүр болған тұрғындар үшін жаңа нысанның іске қосылуы маңызды әлеуметтік қолдау болып отыр. Енді ауыл халқы қажетті медициналық көмекті өз елді мекенінде алуға мүмкіндік алды.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев ауыл тұрғындарын жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтап, денсаулық сақтау саласын дамыту мен халыққа сапалы қызмет көрсетудің маңыздылығына тоқталды.

Іс-шара барысында жаңа медициналық пункттің лентасы

қиылып, ақжолтай тілектер айтылды. Салтанатты жиын аудандық көркемөнерпаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Жаңа медициналық пункттің ашылуы Жайдақбұлақ ауылының әлеуметтік инфрақұрылымын нығайтып қана қоймай, тұрғындардың денсаулығын сақтауға және медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға септігін тигізеді.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

АПАТТЫ ҮЙДЕН ЖАҢА БАСПАНАҒА КӨШТІ



Тұрғын үй мәселесін шешу Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басым бағыттардың бірі болып қала береді. Осы бағыттағы кезекті игі істің нәтижесінде жалғыз баспанасы апатты деп танылған Орал қаласының 35 отбасына жаңа пәтерлердің кілті табысталды.

Көптеген жаңа қоныстанушы үшін бұл жай ғана көптен күткен қуанышты оқиға емес, тыныш әрі жайлы өмірдің бастауы болды. Кілт табыстау рәсімі Орал қаласының заманауи келбетін қалыптастырып жатқан ірі жобалардың бірі «Ақжайық» жаңа шағынауданында өтті. Мұнда барлық қажетті инженерлік желілер тартылған. Жақын арада шағынауданды қала орталығымен жаңа көпір байланыстырады. Сонымен қатар мұнда 60 әлеу-

меттік нысан, 70 көпқабатты тұрғын үй, төрт балабақша, үш мектеп, аурухана, перинаталдық орталық және 12 мың орындық стадион салу жоспарлануда.

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев атап өткендей, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына Батыс Қазақстан облысында атқа-

рылған жұмыстар туралы баяндадым. Президент өңірді одан әрі дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша бірқатар нақты міндеттер қойды. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасуда, — деді өңір басшысы.

Оның айтуынша, 2023 жылдан бері облыста 6,5 мыңға жуық жаңа пәтер пайдалануға берілген. Оның жартысына жуығы ауылдық жерлерде. Биыл жалпы құны 42,2 млрд теңге болатын тағы 2 402 пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар Орал тұрғындары үшін баспана мәселесі аса өзекті болып отыр. Қалада тұрғын үй кезегінде 27 мыңнан астам азамат тіркелген. Сондықтан әкімнің айтуынша, бұл мәселені кезең-кезеңімен шешу қажет.

— Биыл халықтың әлеуметтік осал топтарына 200 пәтер, сондай-ақ кредиттік негізде 1000 пәтер беру жоспарланып отыр. Бұл — тұрғын үйдің халық үшін қолжетімділігін арттыруға бағытталған нақты қадамдар, — деді Нариман Төреғалиев.

71 жастағы зейнеткер Дина Қарасаева үшін жаңа пәтердің кілтін алу — көп жылдар бойы күткен арманының орындалуы. Бүгінде ол алғаш рет өзінің кең әрі жарық үш бөлмелі пәтерінің есігін ашып, көз жасын әрең ұстап тұр.

Бір кездері отбасы Орал қаласының орталығында тұрған. Үй

өте ескі болатын, ал 2008 жылы ол апатты деп танылды. Осыдан кейін тұрғын үй мәселесі тез арада шешіледі деген үміт болған. Алайда жылдар өтіп, отбасының қауіпсіз баспанасы болмады. Олар қала ішінде бір жерден екінші жерге көшіп, туыстарының үйін паналауға және уақытша баспана жалдауға мәжбүр болды.

Зейнеткердің көршілері реновация бағдарламасына қатысып, жаңа пәтерлерге қол жеткізді. Ал Дина Қарасаеваның отбасы күтуін жалғастыра берді.

— Біз бұл баспананы 18 жыл күттік. Осы уақыт ішінде қаншама қиындықты бастан өткердік... Туыстарымыздың үйінде тұрдық, пәтер жалдадық. Бүгін өз баспанамыз бар екеніне әлі де сене алмай тұрмын. Осы күнге жетуімізге көмектескен баршаңызға рақмет. Мұнда сондай жарық, кең әрі жайлы. Енді алаңсыз өмір сүруге болады, — дейді зей-

неткер қуаныштан көз жасын тия алмай.

Мұндай отбасылар үшін жаңа пәтер — жай ғана шаршы метр емес. Бұл — қауіпсіздік, тұрақтылық және болашаққа жоспар құру мүмкіндігі. Әсіресе тұрғын үймен қамту шаралары қаланы кешенді дамытудың бір бөлігіне айналып отыр. Өйткені тұрғын үйлермен бірге адамдардың толыққанды өмір сүруіне қажетті әлеуметтік инфрақұрылым да қалыптасуда.

Өңір басшысы барлық жаңа қоныстанушыны құттықтап, оларға амандық, отбасылық бақыт пен береке тіледі. 35 отбасы үшін жаңа баспана шынымен де көптен күткен, талай қиындықтан кейін келген және сондықтан да ерекше қуанышты өзгерістердің символына айналды.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы



22 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



— Ақан Жылқышбайұлы, биыл Қазақстанда алғаш рет «Coupe Mondiale 79» халықаралық баяншылар мен аккордеоншылар байқауы өтеді. Бұл оқиғаның еліміз үшін маңызы қандай?

— Coupe Mondiale — ондаған жылдық тарихы бар, әлемдік баян және аккордеон өнерінің кәсіби дамуына ықпал етіп келе жатқан беделді халықаралық алаң. Бұл байқаудың тарихы өткен ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Халықаралық аккордеонистер конфедерациясы CIA 1935 жылы Парижде құрылған. Ұйымның негізгі мақсатының бірі аккордеонның кәсіби музыка әлеміндегі мәртебесін көтеру, орындаушылық мектепті дамыту және талантты музыканттарға халықаралық деңгейде жол ашу болды. Ал алғашқы Coupe Mondiale 1938 жылы ұйымдастырылды. Содан бері бұл жоба белгілі бір жылдары ғана үтпей қалғаны болмаса, жыл сайын үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Биылғы байқаудың географиясы да өте кең. Іс-шараға халықаралық деңгейдегі музыканттар, мәдениет қайраткерлері, сарапшылар, қазылар алқасының мүшелері мен ресми делегаттар қатысады. Қазіргі мәлімет бойынша 21 елден сарапшылар келеді, сондай-ақ 16 елден қатысушылар өтінім берген. Жалпы, байқау мен халықаралық конгресс аясын есептегенде, қырыққа жуық мемлекет өкілдерінің басын қосу жоспарымыз бар. Астанаға CIA президенті Мирко Патарини, вице-президенттер Ли Цонг пен Зорица Каракутовска, халықаралық ұйымның жетекші өкілдері Харли Джонс, Кевин Фридрих, Грейсон Мэйсвилд және басқа да халықаралық мамандар келеді деп жоспарланып отыр. Бұлар — қазіргі әлемдік аккордеон өнерінің дамуына тікелей ықпал етіп жүрген кәсіби қауымдастық өкілдері.

БҰЛ БАЙҚАУ ӘР ҚАТЫСУШЫҒА ДАҒҒЫЛ ЖОЛ АШАДЫ

— Байқаумен қатар CIA делегаттарының 156-шы Конгресі өтеді. Бұл жиынның ерекшелігі қандай?

— Бұл — жобаның аса маңызды бөлігі. Конгресс — халықаралық кәсіби қауымдастық үшін маңызды мәселелер талқыланып алаң. Әлемнің әр еліндегі аккордеон өнерінің қазіргі жағдайы, орындаушылық мектептердің дамуы, халықаралық жобалар, кәсіби байланыстар және алдағы бастамалар секілді бағыттар осы ортада тоғысады. Алдағы байқауларға қандай өзгерістер енгізілуі қажет деген сияқты мәселелер ортаға салынады. Баян мен аккордеон аспабының әлемдік классикалық музыкадағы орны айқындалып, соған байланысты пікір мен ұсыныстар айтылады. Міндетті түрде мастер-класстар өткізіледі. Бұл әрине, байқауға қатысуға келген жас орындаушылар үшін өте маңызды әрі үлкен мүмкіндік дер едім.

— Байқау бағдарламасына тоқталсаңыз.

— Coupe Mondiale бағдарламасы әртүрлі орындаушылық бағыттарды қамтиды. Негізгі Coupe Mondiale санатымен қатар Masters Coupe Mondiale және Junior Coupe Mondiale өтеді. Сонымен бірге виртуоздық эстрадалық музыка бойынша халықаралық конкурс, оның жасөспірімдер санаты, классикалық музыка ансамбльдерінің халықаралық байқауы және World Music бағытындағы ансамбльдер сайысы қарастырылған. Бұл формат аккордеонның мүмкіндігі тек классикалық репертуармен шектелмейтінін көрсетеді. Бес күндік бағдарлама өте тығыз әрі мазмұнды. Сонымен қатар әлемге танымал баяншылар мен аккордеоншылардың шығармашылық шеберлік сабақтарын ұйымдастыру көзделген. Біз осы бағытқа ерекше мән беріп отырмыз.

Халықаралық баяншылар мен аккордеоншылар байқауы биыл бірінші рет Қазақстанда өтеді. Бұл – тұтас Орталық Азия кеңістігінде алғаш ұйымдастырылып жатқан ауқымды музыкалық форум. Әлемнің әр қиырынан жиналатын өнерпаздардың басын қосатын байқау отандық орындаушылық мектептің беделін арттырып, қазақ өнерін халықаралық деңгейде танытуға тың мүмкіндік береді. Осы орайда «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының директоры Ақан Абдуалиевпен айтулы өнер додасының мән-маңызы, ерекшелігі және еліміз үшін берер мүмкіндігі жөнінде әңгімелескен едік.

Ақан АБДУАЛИЕВ,
«Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының директоры:

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАМЫЗ ТАНЫЛАТЫН СӘТ ТУДЫ

Өйткені жас музыкант үшін әлемдік деңгейдегі орындаушыны сахнадан тыңдау бір бөлек болса, онымен тікелей жұмыс істеп, кәсіби кеңес алу — мүлде басқа тәжірибе.

— Құзырлы министрлік тарапынан қандай қолдаулар бар, халықаралық байқау өткізу көп қаражатты қажет етпей ме?

— Ең алдымен конфедерация тарапынан Мәдениет және ақпарат министрлігіне байқауды Қазақстанда өткізу туралы хат келіп түскен болатын. Осыдан кейін министрлік өзі тікелей қолдап, байқауды ұйымдастыруға пәрмен берген еді. Әрине, мұндай деңгейдегі халықаралық байқауды өткізу үшін қыруар қаражат керек. Біз өз мүмкіндіктерімізге қарай бюджеттен аздаған қаржы бөлдік, бірақ 60-70 пайыз демеушілердің қаражатымен атқарып отырмыз. Мәселен, басты демеушіміз Halyk bank болып отыр.

— Қазақстандық музыканттар үшін бұл байқаудың практикалық пайдасы қандай?

— Жалпы, кез келген музыкалық байқау категорияларға бөлінеді. Әлемде беделді байқаулар бар, мысалы Мәскеу мен Санкт-Петербургта өтетін әлемдегі ең танымал академиялық музыка конкурстарының бірі — П.Чайковский атындағы халықаралық конкурс, Аустрияның Зальцбургында, Моцарттың туған қаласында өтетін халықаралық академиялық музыка конкурсы — International Mozart Competition Salzburg сияқты байқауларға қатысып, орын алған орындаушылар қай уақытта да көптеген қолдауларға ие болады. Сол сияқты бұл байқау да әлемдік музыканың жоғары сатысында тұрған, мәртебесі мол жиын. Әр қатысушының болашағына да даңғыл жол ашатыны сөзсіз. Бірақ бұл жиынның ерекшелігі байқау-

дың барлық ережесін конфедерация өзі жасайды. Қазақстанның мәдениетінің бірнеше сатыға жоғарылағанын дәлелдеп, көрсете алатын үлкен жоба.

ҚОНАҚЖАЙЛЫҒЫМЫЗ БЕН МӘДЕНИЕТІМІЗДІ ТАНЫТУҒА ТИІСПІЗ

— Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен баян-аккордеон өнерінің арасында қандай байланыс бар?

— Баянды бізде сырнай деп айтады. Бірі клавиштік, бірі түймелі аспап демесеңіз, екеуі бір аспап. Адырна мен жетіген, қылқобыз бен прима-қобыз, біздің қос ішекті домбыра мен үш ішекті домбыра секілді бір-біріне өте жақын музыкалық аспаптар. Баяғыдан баян және аккордеон орындаушылық мектебінің өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар. Бұл аспаптар қазақ музыкасына жат емес. Керісінше, өткен ғасырдан бері халық әндері мен күйлерін, композиторлық шығармаларды орындауда кеңінен қолданылып келеді. Қазақтың дәстүрлі музыкалық ойлау жүйесі өте бай. Домбыра мен қобыздан бастау алатын ұлттық интонацияларымыз басқа аспаптардың орындаушылық мүмкіндігімен тоғысқанда жаңа бояу пайда болады. Сондықтан халықаралық музыканттардың Қазақстанға келуі біржақты үдеріс емес. Біз олардан әлемдік тәжірибе үйренсек, олар да Қазақстанның ұлттық музыкасын, орындаушылық дәстүрін және заманауи мәдениетін жақынырақ таниды.

— «Қазақконцерт» үшін осындай көлемдегі халықаралық жобаны ұйымдастыру қаншалықты жауапты міндет?

— Жауапкершілігі өте жоғары. Біз бір ғана концертті емес, бірнеше күнге созылатын халықаралық деңгейдегі кешенді жобаны өткізіп отырмыз. Қатысушыларды қарсы

алудан бастап, марапаттау мен жабылу рәсіміне дейінгі әрбір бағыт мұқият үйлестіруді талап етеді. Оның үстіне, біздің алдымызда тек ұйымдастырушылық міндет тұрған жоқ. Біз қонақтарға Қазақстанның қонақжайлығын, мәдениетін, кәсіби ұйымдастырушылық деңгейін көрсетуге тиіспіз.

— Байқаудың Астанада өтуі елорданың мәдени имиджіне қалай әсер етеді?

— Тоғыз жолдың торабында, Орталық Азияның жүрегінде орналасқан көрнекті, заманауи қалаға әлемнің біршама мемлекетінен музыканттар мен сарапшылардың елордаға келуі қаланың халықаралық мәдени байланыстарын кеңейтеді. Олар Астананы көреді, Қазақстанмен танысады, біздің мәдениетіміз бен өнеріміз туралы өз елдеріне жаңа әсер алып қайтады.

— «Coupe Mondiale 79» аяқталғаннан кейін қандай мұра қалуы керек деп ойлайсыз?

— Бұл байқаудан кейін Қазақстан халықаралық баян және аккордеон қауымдастығының картасында бұрынғыдан да айқын көрінуі керек. Қазақстандық орындаушылардың халықаралық байқауларға қатысуы артып, шетелдік музыканттармен бірлескен жобалар пайда болып, ұстаздар мен оқу орындары арасында кәсіби байланыстар жалғасса, біз үшін ең үлкен нәтиже сол болады. Сонымен бірге бұл оқиға жас музыканттарға үлкен мотивация береді деп сенемін. Өнердегі үлкен жол көбіне осындай әсерден басталады. Қазірдің өзінде осы байқаудың Астанада өтетін есітіп, қызығушылық танытып жатқандар да бар.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сапхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баир ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(771) 675-42-14, 8(772) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4779**
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұхаметов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,